

МАҢЫЗДЫ: Осы құжатты оқуды жалғастырмас бұрын төмендегілермен танысыңыз.

Инвестициялық Меморандумның орыс тілінен қазақ тіліне осы аудармасы ресми аударма болып табылмайды және Инвестициялық Меморандумның орыс тіліндегі бастапқы нұсқасын ауыстырушы ретінде қарастырылмайды. Осы аударма ешқандай да реттеуші органмен тексерілмеді және мақұлданбады. Осы аударманың шынайылығы мен толықтығына кепіл берілмейді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕМОРАНДУМ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



**Қаржы консультанты және андеррайтер
«Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы**



Нұр-Сұлтан қ., 2019

ОГЛАВЛЕНИЕ

1. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР
 - 1.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (БҮДАН ӨРІ – «ЭМИТЕНТ»).
 - 1.2. Табыстылық Облигациялар шығарылымын орналастыру уақытында өтінім берген инвесторлар тарапынан сұраныс пен ұсынысқа байланысты анықталатын болады.
 - 1.3. ШЫҒАРЫЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПРОЦЕДУРАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 1.4. ТІРКЕУШІ, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ӨКІЛІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ АГЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.
 - 1.5. ЛИСТИНГТІҢ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ KEЙІННЕН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ.
2. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 2.1. ЭМИТЕНТТІҢ АТАУЫ, ОНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫШАНЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.
 - 2.2. ЭМИТЕНТТІҢ ТОЛЫҚ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ (ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ) ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ МЕН ФАКСІНІҢ НОМЕРЛЕРІ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАСЫ МЕН КОРПОРАТИВТІК ИНТЕРНЕТ-САЙТЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ.
 - 2.3. ЭМИТЕНТТІҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ. ЭМИТЕНТТІ ҚҰРУДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ
 - 2.4. ЭМИТЕНТКЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОТАНДЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІКТЕРІ БЕРГЕН РЕЙТИНГТІҢ БАР-ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.
 - 2.5. ЭМИТЕНТ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА НЕГІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЛИЦЕНЗИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.
 - 2.6. ЭМИТЕНТТІҢ БАРЛЫҚ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ АТАУЛАРЫ, ТІРКЕЛГЕН КҮНДЕРІ, ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ (ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ)
 - 2.7. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ
259 356 608 дана
259 356 608 дана
 - 2.8. ТАҢДАУЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕР.
3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР
 - 3.1. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРҒАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.
 - 3.2. ЭМИТЕНТТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ.
 - 3.3. ЭМИТЕНТТІҢ АТҚАРУШЫ ОРҒАНЫ (БАСҚАРМА)
 - 3.4. ЭМИТЕНТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.
 - 3.5. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ.
 - 3.5.1. Эмитенттің акционерлері
 - 3.5.2. Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.
 - 3.5.3. Эмитенттің Орналастырылған Акцияларының (Төленген Жарғылық Капиталының) Жалпы Санының Бес Және Одан Көп Пайызын Құрайтын Акцияларға (Төленген Жарғылық Капиталдағы Үлестерге) Иелік Ететін Акционерлерінің (Қатсушыларының) Ауысуына Өкелген Барлық Мәмілелер Немесе Мәмілелер Сериясы Туралы Ақпарат
 - 3.6. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ТӨЛЕНГЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ) ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ БЕС ЖӘНЕ ОДАН КӨП ПАЙЫЗЫН ҚҰРАЙТЫН САНЫНА (МӨЛШЕРІНЕ) ЭМИТЕНТ ИЕЛІК ЕТЕТІН ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 3.7. ЭМИТЕНТ ҚАТЫСАТЫН ӨНЕРКӘСІПТІК, БАНҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ ТОПТАР, ӨЛДИЕНГТЕР, КОНЦЕРНДЕР, ҚАУЫМДАСТЫҚТАР, ЭМИТЕНТТІҢ БҰЛ ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСУЫНЫҢ МАҚСАТЫ.
4. ЭМИТЕНТТІҢ БАНКТЕРІ, КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ЖӘНЕ АУДИТОРЛАРЫ
 - 4.1. СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛ БОЙЫ ЭМИТЕНТКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН БАНКТЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БАСҚА ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР, ОЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ АТАУЛАРЫ, ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫН (ТҰРҒАН ЖЕРЛЕРІН), БІРІНШІ БАСШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ, ЭМИТЕНТКЕ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН, СОНЫМЕН ҚАТАР ЭМИТЕНТ ОСЫ ҰЙЫМДАРМЕН ЖАСАҒАН ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРТТЫ ҚОСА.
 - 4.2. ЭМИТЕНТТІҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫН ТІРКЕУ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОСЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ ПРОЦЕДУРАЛАРЫНАН ӨТУ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ОНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 4.3. СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛ БАРЫСЫНДА НЕМЕСЕ ОНЫҢ НАҚТЫ БОЛУ КЕЗЕҢІ БОЙЫ ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ АУДИТІН НЕМЕСЕ ОНЫҢ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ШОЛУ ЖҮРГІЗГЕН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ҮШ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ АУДИТІН ЖҮРГІЗЕТІН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
5. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ

- 5.1. ЭМИТЕНТ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН САЛАДАҒЫ ЖАЛПЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЭМИТЕНТ ҮШІН АНАҒҰРЛЫМ МАҢЫЗДЫ ҮРДІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАЛУЫ
 - 5.2. ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ЭМИТЕНТТІ ЖҰТУ (ОНЫҢ АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ АРҚЫЛЫ) ТАЛПЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚА ҰЙМДЫ ЖҰТУ ТАЛПЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫСОҢҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР. АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ БАҒАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ОЛАРДЫҢ САНЫ НЕМЕСЕ АКЦИЯЛАРМЕН АЙЫРБАСТАУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ, МҰНДАЙ ТАЛПЫНЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ.
 - 5.3. ЭМИТЕНТ ЖАСАСҚАН, KEЙІН ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЕЛЕУЛІ ЫҚПАЛ ЕТУІ МҰМКІН КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ, КЕЛІСІМДЕРДІҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 5.4. НЕГІЗГІ КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.
 - 5.5. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ КӨЛЕМДЕРІ
 - 5.6. ЭМИТЕНТТІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША САТУЛАРЫНЫҢ КІРІСТІЛІГІНЕ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР
 - 5.7. ЭМИТЕНТТІҢ ӨЗ ӨНІМДЕРІН (ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУДЫ, ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ) САТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІ
 - 5.8. ЭМИТЕНТТІҢ НЕГІЗГІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ МЕН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
 - 5.9. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ӨСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР.
 - 5.9.1. Эмитенттің қызмет мерзімдері, маусымдық сипаттағы Эмитенттің қызмет түрлері және олардың Эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі.
 - 5.9.2. Эмитентке жеткізілетін шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі Эмитент экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі.
 - 5.9.3. Осы нарықтардың географиялық орналасуын қоса алғанда, Эмитент соңғы үш жыл ішінде басқа ұйымдармен бәсекелесе алатын негізгі рыноктардың сипаттамасы.
 - 5.9.4. Эмитенттің шарттары мен міндеттемелері: егер осы мәміленің сомасы Эмитенттің активтерінің баланстық құнының он және одан да көп пайызын құраса, бағалы қағаздар листингі туралы өтініш берілген күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәміле (бірнеше өзара байланысты мәмілелер) туралы мәліметтер,.
 - 5.9.5. Эмитенттің активтердің баланстық құнының он және одан да көп процентінен асатын Болашақ міндеттемелері және осы міндеттемелер Эмитенттің қызметіне және оның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін.
 - 5.9.6. Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер: соңғы жыл ішінде Эмитенттің және оның лауазымды тұлғаларына, мемлекеттік органдармен және/немесе сотпен жүктелген әкімшілік санкциялар.
 - 5.9.7. Тәуекел факторлары
 - 5.9.8. Эмитенттің қызметі туралы, Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.
 6. ҚАРЖЫ АХУАЛЫ
 - 6.1. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ.
 - 6.2. ЭМИТЕНТТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРІ
 - 6.3. ЭМИТЕНТТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ
 - 6.4. АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС
 - 6.5. ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ ӨДІСІМЕН ЕСКЕРІЛЕТІН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ
 - 6.6. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК
 - 6.7. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛЫ
 - 6.8. КРЕДИТТІК ЖЕЛІЛЕР, ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ЛИЗИНГ ШАРТТАРЫ
 - 6.9. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК
 7. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР
 - 7.1. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІ
 - 7.2. САТЫЛҒАН ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ
 - 7.3. ЭМИТЕНТТІҢ НЕГІЗГІ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
 - 7.4. НЕГІЗГІ ЕМЕС ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ЭМИТЕНТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
 - 7.5. КОЭФФИЦИЕНТТЕР
 8. БӨЛІМ. АҚША АҒЫНДАРЫ
 - 8.1. Эмитенттің ақша ағындарын қысқаша талдауы
- №1 қосымша. Эмитенттің қаржылық есептілігі**
- №2 қосымша. Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер**
- №3 қосымша. Эмитент акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлесінің бес және одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлға болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер**

1. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

1.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (БҰДАН ӘРІ – «ЭМИТЕНТ»).

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТҮРІ	Қамтамасыз етілмейтін купондық индекстелген облигациялар (бұдан әрі – Облигациялар)
ISIN CFI	KZ2C00006153 DBFXFR
НОМИНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ИНДЕКСТЕЛГЕН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ	<p>Бір облигацияның номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге. Бір Облигацияның индекстелген номиналды құны номиналды құнды АҚШ долларының теңгеге девальвация/ревальвация қарқынының коэффициентіне (Kd) көбейтіндісі ретінде есептеледі. Бір облигацияның индекстелген номиналды құны келесі формула бойынша есептеледі:</p> $P=Kd*N,$ <p>мұнда P – бір облигацияның индекстелген номиналды құны N - бір облигацияның номиналды құны (теңге) Kd - девальвация/ревальвация қарқынының коэффициенті. Девальвация/ревальвация қарқынының коэффициенті Қазақстан Республикасының Банкі купондық сыйақы төлеу/Облигацияларды өтеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне белгілеген АҚШ долларының теңгеге ресми бағамының Облигациялар айналысы басталған Күнгі осыған ұқсас бағамға (X₀) қатынасы ретінде есептеледі ($Kd=X_t/X_0$). Kd белгілерінің дәлдігі үтірден кейінгі екі белгі деңгейінде белгіленеді.</p>
ШЫҒАРЫЛЫМДАҒЫ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ	70 000 000 (жетпіс миллион) дана
ОРНАЛАСТЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ	70 000 000 (жетпіс миллион) дана
ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖОСПАРЛАНҒАН БАҒАСЫ	1 000 (бір мың) теңге
НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ	70 000 000 000 (жетпіс миллиард) теңге
СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналатын бүкіл кезең бойы бекітілген болып табылады және Облигациялар айналатын бүкіл кезең барысында 4% (төрт) жылдық пайыз құрайды.
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ АЙНАЛЫС МЕРЗІМІ	Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялар айналысы басталған Күннен бастап 61 (алпыс бір) күнтізбелік ай құрайды. «Қазақстандық Қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілетін облигацияларды өткізу бойынша бірінші болып өткен сауда-саттық жүргізілген күн Облигациялар айналысы басталған Күн болып табылады.
ОРНАЛАСТЫРУ КҮНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАНҒАН ТАБЫСТЫЛЫҚ	1.2. Табыстылық Облигациялар шығарылымын орналастыру уақытында өтім берген инвесторлар тарапынан сұраныс пен ұсынысқа байланысты анықталатын болады.
ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРЫЛЫМЫ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ КҮНІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялардың айналысы кезеңінің барлығы бойы Облигациялар айналысы басталған Күннен бастап әрбір 12 (он екі) күнтізбелік күн өткен сайын жылына 1 (бір) рет жүргізіледі.</p> <p>Сыйақы оны алу құқығына ие және Белгілеу күніне Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.</p>

	<p>Сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басы (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жердің уақыты бойынша) Белгілеу күні болып табылады.</p> <p>Сыйақы төлеу Белгілеу күніне Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен Белгілеу күнінен кейінгі келесі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.</p> <p>Бір Облигация үшін купондық сыйақының төлем күнгі мөлшері, соңғы купондық сыйақыны қоспағанда, мына формауламен есептеліп шығарылады:</p> <p>$C = P * I$, мұнда</p> <p>C – бір Облигацияға есепке жазылған купондық сыйақының мөлшері (теңге)</p> <p>P – бір Облигацияның индекстелген номиналды құны</p> <p>I – Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі.</p> <p>Бір Облигацияға соңғы купондық сыйақының мөлшері мына формуламен есептеліп шығарылады:</p> <p>$C = P * I / 360 * D$, мұнда</p> <p>C - бір Облигацияға есепке жазылған купондық сыйақының мөлшері (теңге)</p> <p>P – бір Облигацияның индекстелген номиналды құны</p> <p>I – Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі</p> <p>D – Облигациялар айналатын тиісті кезеңдегі купондық сыйақы төлеу жүзеге асырылатын күндердің саны (бір жылда 360 күн және бір айда 30 күн есебімен).</p> <p>Үтірден кейінгі белгілердің саны мен дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Купондық сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша негізгі соманы төлеумен бір мезгілде жүргізіледі. Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу айналыс кезеңінің барлығы бойы бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн уақыттық база есебінен жүргізілетін болады.</p>
<p>СЫЙАҚЫҒА САЛЫҚ САЛУ КҮНДЕРІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ</p>	<p>Келесі ақпарат облигацияларға қатысты белгілі бір салықтық аспектілер баяндалатын және барлық салықтық аспектілерді толық талдауды білдірмейтін жалпы қысқаша шолу болып табылады. Ықтимал инвесторлар облигацияларға иелік ету және оларды сату және сыйақы алу, облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасы және/немесе басқа сомалар және Қазақстан Республикасының салық заңнамасы бойынша мұндай әрекеттердің салдары жөнінде өз консультанттарымен кеңесулері тиіс. Егер басқаша көрсетілмеген болса, осы шолуда тек осы Инвестициялық меморандум күніне қолданыста болып табылатын және күшіне енген салық заңнамасы ғана қарастырылады.</p> <p>«Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» туралы Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – «Қазақстан Республикасының Салық кодексі») 1-бабы 62) тармақшасына сәйкес сыйақы - дисконт не купон (дисконтты не бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан алынған сыйлықақы ескеріле отырып), сыйақы төлейтін тұлға үшін оның борыштық бағалы қағаздарын ұстаушы, өзара байланысты тарап болып табылатын тұлғаға төленетін төлем түріндегі борыштық бағалы қағаздар бойынша барлық төлемдер.</p> <p>Корпоративтік табыс салығы:</p> <p>Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 226-бабы 1-тармағы 17) тармақшасы бойынша, депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель, ислам жалдау сертификаты бойынша сыйақылар жылдық</p>

жиынтық кіріске кіргізіледі. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 288-бабы 2-тармағы 2) тармақшасы бойынша, Салық төлеушінің осындай сыйақы есепке жазылған күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы сомаларына салық салынатын кірісті азайтуға құқығы бар.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 288-бабы 2-тармағы 9) тармақшасы бойынша, Салық төлеушінің мынадай кіріс түрлеріне салық салынатын кірісті азайтуға құқығы бар: өткізу күнінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күнінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер.

Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы:

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 307-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасы, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасына, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға төлейтін сыйақы, егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, төлем көзінен салық салынатын кірістерге жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 307-бабы 2-тармағы 4) және 12) тармақшаларына сәйкес, осындай сыйақы есепке жазылған күнге Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға; бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арқылы заңды тұлғаларға төленетін борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлем көзінен салық салуға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 644-бабы 1-тармағы 12) тармақшасымен Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістері деп эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс танылады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 645-бабы 9-тармағы 3) және 9) тармақшаларымен Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде дивидендтер мен сыйақыларды есепке жазу күні болатын бағалы қағаздар бойынша осындай дивидендтер мен сыйақылар, сонымен қатар резидент-сатып алушылар борыштық бағалы қағаздар бойынша оларды сатып алу кезінде төлеген жинақталған (есепке жазылған) сыйақылар сомасы салық салуға жатпайды деп белгіленген.

Жеке табыс салығы:

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағы 3) және 7) тармақшалары бойынша борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар, сонымен қатар бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар есепке жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болған осындай дивидендтер мен сыйақылар жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 341-

ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

бабы 1-тармағы 16) тармақшасы бойынша, жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер алып тасталады.

- Облигацияларды өтеу кезінде Облигацияларды шығару шарттарымен көзделген тәртіпте және мерзімдерде индекстелген номиналды құн алу;
- Облигацияларды шығару шарттарымен көзделген тәртіпте және мерзімдерде Облигациялар бойынша купондық сыйақы алу;
- Облигацияларды сатып алу үшін 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 18-4 баптарымен көзделген негіздер туындаған жағдайда, сонымен қатар Эмитент Облигациялар шығарылымы проспектісінің 12-тармағында көрсетілген төмендегі шарттар мен шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Облигацияларды сатып алуды талап ету:
 - Облигациялар айналысының мерзімі ішінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңмен көзделген ковенанттардан (шектеулерден) басқа, Эмитент:
 - 1) облигацияларды ұстаушылармен келісусіз облигациялар шығарылымы проспектісіне Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуына қатысты өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізбеу шартын сақтауға міндетті.
 - Облигациялар айналысының мерзімі ішінде Эмитент сонымен қатар төменде көрсетілген:
 - 1) Эмитент активтерінің құрамына кіретін, иеліктен шығару күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының 25 %-ынан асатын сомадағы мүлікті Облигацияларды ұстаушылармен келісусіз иеліктен шығармау;
 - 2) Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне Эмитенттің Эмитент активтерінің жалпы құнының 10 % (он пайызынан) асатын облигациялар шығарумен байланысты емес міндеттемелерінің орындалмауы фактілеріне жол бермеу;
 - 3) Ұйымдастыру-құқықтық нышанды өзгертпеу
- ковенанттарын (шектеулерін), оларға қойылатын Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңмен көзделген талаптарға байланыссыз, сақтауға міндетті;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Эмитенттің 50% +1 жай акциясына қатысты өзінің меншік құқығын доғарған жағдайда, индекстелген номиналды құны мен есепке жазылған сыйақыны төлей отырып, Облигацияларды имерзімінен бұрын сатып алуды талап етуге;
- Облигацияларды еркін сатуға және оларға өзге де тәсілдермен иелік етуге;
- Эмитенттің қызметі және оның қаржылық ахуалы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар Эмитенттің ішкі қағидаларымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте алуға, соның ішінде:
 - 1) Эмитент пен Қор биржасының арасында жасасылатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті берудің мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
 - 2) Эмитент пен Қор биржасының арасында жасасылатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді берудің мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.
 - 3) право проводить операции «Репо» с Облигациями;

**ЭМИТЕНТТІҢ
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП
АЛУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ, СОНЫҢ
ІШІНДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН
ӨТЕУ ЖАҒДАЙЫНДА**

▪ Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

1) Облигацияларды өтеудің шарттары мен тәртібі

Облигациялар Облигациялардың индекстелген номиналдық құны бойынша соңғы купондық сыйақыны төлеумен бір мезгілде Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен өтеледі.

Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша төлемдер Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты бар болған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңгемен жүргізілетін болады. Төлем жасау кезінде теңгені АҚШ долларына конвертациялауға Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімнен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған конвертация Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жасалатын күнге белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ Долларына конвертациялау Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі. Эмитенттің конвертация кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валюталарға Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигацияларды ұстаушының пайдасына конвертациялауға жол берілмейді.

Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, Нұр-Сұлтан, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12, пошта индексі Z05T1X3.

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына Облигацияларды ұстаушылардың тізіліміндегі деректерге сәйкес ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

2) Мерзімінен бұрын өтейтін жағдайда Облигацияларды сатып алудың шарттары мен тәртібі

Облигацияларды Эмитенттің сатып алуы үшін негіз болып табылатын, 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабымен және 1-4 бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен көзделген жағдайлар туындаған жағдайда, сонымен қатар Эмитенттің 50% +1 жай акциясына қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның меншік құқығы доғарылған жағдайда немесе Эмитент алдыңғы тармақта/ Облигациялар шығарылымы проспектісінің 12-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитенттің www.kazatomprom.kz корпоративтік интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz интернет-ресурсында және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz интернет-ресурсында хабарлама орналастыру арқылы Эмитент олардың туындағандығы туралы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларды төмендегі туралы

мәліметтерді қоса ақпараттандыруы тиіс:

- Эмитенттің Облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғандығы туралы ақпарат;
- Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін, Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы талаппен жүгінудің тәртібі мен мерзімдерін қоса, тізу;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы үшін 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларымен көзделген негіздер орын алған жағдайда, Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды келесі бағалардың ең үлкені бойынша жүзеге асыруға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескерумен мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша,
- мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық құны бойынша.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы үшін 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабымен көзделген негіздер орын алған жағдайда, сонымен қатар Эмитенттің 50% +1 жай акциясына қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның меншік құқығы доғарылған жағдайда немесе Эмитент алдыңғы тармақта/ Облигациялар шығарылымы проспектісінің 12-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың талаптары бойынша Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жинақталған сыйақыны ескерумен Облигациялардың тиісті индекстелген номиналды құны бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Облигацияларды сатып алу төлеуге жататын соманы Облигациялардың ұстаушылардың банк шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды Облигацияларды шығару шарттарында көрсетілген олардың айналыс мерзімі біткеннен кейін өтеуге құқықтары бар.

Облигацияларды ұстаушының Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақпен көзделген негіздердің орын алуы фактісі туралы ақпарат бірінші жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің атына өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы өтініш жолдауға құқы бар.

Облигацияларды сатып алу туралы бірінші өтінішті алғаннан кейін, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Эмитенттің www.kazatomprom.kz корпоративтік веб-сайтында немесе Эмитенттің Жарғысымен белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, сонымен қатар ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми интернет-ресурсында, Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастыру

	<p>арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады.</p> <p>Облигацияларды сатып алуды Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>Сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу ақшалай жүргізілетін болады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүлктік балама немесе өзге мүлктік құқықтар алу құқығы қарастырылмаған.</p> <p>Облигациялар шығарылымының шарттарымен көзделгеннен өзге жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды сатып алуы қарастырылмаған.</p>
<p>ЭМИТЕНТТІҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ӨЗ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША САТЫП АЛУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨРЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘРТІБІ</p>	<p>Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуы қарастырылмаған.</p>

Эмитенттің бағалы қағаздары сауда-саттыққа салынатын барлық қор биржалары мен басқа да реттелетін нарықтар туралы ақпарат:

Эмитенттің жаһандық депозитарлық қолхаттары Лондон қор биржасында, Эмитенттің Жаһандық депозитарлық қолхаттары мен акциялары – «Астана» халықаралық биржасында айналыста.

Ақша, соның ішінде бағалы қағаздар бойынша кіріс түрінде (сыйақылар, дивидендтер), әкелуге немесе әкетуге заңнамалық шектеулер жоқ.

1.3. ШЫҒАРЫЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПРОЦЕДУРАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

<p>ОРНАЛАСТЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН КЕЗЕҢІ</p> <p>УАҚЫТ</p>	<p>Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыс мерзімінің барлығы бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес орналастырылады.</p> <p>Облигацияларды орналастыруға Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген қандай да бір шектеулерді қоспағанда, Эмитент Облигациялардың орналастырылуы және айналысы бойынша қандай да бір шектеулерді көздемейді.</p> <p>Сонымен қатар Эмитент Облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты, соның ішінде Облигацияларды орналастыру болжанатын тұлғалар тобына қатысты, Эмитенттің байланысты тұлғалары болып табылатын тұлғаларды қоса, қандай да бір шектеулерді көздемейді.</p>
<p>ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЖЕР</p> <p>БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ТАРАТУДЫҢ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУДЫ ҚОСА</p>	<p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ</p> <p>Эмитенттің бағалы қағаздарын орналастыру туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында (http://www.kase.kz) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасасылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта және Листинг қағидаларында көрсетілген мерзімдерге және тәртіпке сәйкес және Эмитенттің интернет-ресурсында (https://www.kazatomprom.kz/), сонымен қатар Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (http://www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзімдерге және тәртіпке сәйкес орналастырылады және тұрақты негізде жаңартылып отыратын болады.</p>

ОЛИГАЦИЯЛАРДЫ ТӘРТІБІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОРНЫ	ТӨЛЕУ ЖӘНЕ	Облигациялар ақшалай қолма-қол ақша нышанысыз төленеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда-саттық өткізу жолымен облигациялар орналастырылған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
--	-------------------	--

1.4. ТІРКЕУШІ, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ӨКІЛІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ АГЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

ТІРКЕУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Заңды және нақты мекенжайы (орналасқан жері): Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., "Самал-1" шағын ауданы, 28 Қызмет түрі: 1) депозитарлық қызмет; 2) бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу қызметі; 3) бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен сауда-саттықты ұйымдастыру қызметі; 4) қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет. Бірінші басшы: Президент Қапышев Б.Х. Байланыс телефондары мен факстердің номерлері: тел.: +7 (727) 262 08 46, факс: +7 (727) 262 08 46, вн. 490, 491. Электрондық пошта мекенжайы: csd@kacd.kz , web@kacd.kz
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ӨКІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар өкілі жоқ.
ТӨЛЕМ АГЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Эмитенттің облигациялар бойынша төлем агенті жоқ

1.5. ЛИСТИНГТІҢ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КЕЙІННЕН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ.

Облигацияларды орналастырудан Эмитент 70 млрд. теңге мөлшерінде ақшалай қаражат түсімін күтеді. Облигацияларды орналастырудан Эмитент алатын қаражат бұдан бұрын шығарылған, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастырылған, айналыс мерзімі 2019 жылғы 11 қарашаға дейінгі, олар бойынша сыйақы мөлшерлемесі 4,6% жылдық құрайтын НИН KZ2C0M13F960 облигациялардың барлығын қайта қаржыландыруға пайдаланылатын болады.

Эмитент Облигацияларды орналастырудан тартылған ақшаны қандай да бір активтер сатып алуға немесе Эмитенттің негізгі қызметінен өзгеше бизнес сатып алуға тікелей немесе жанама пайдалануды жоспарлайды.

2. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2.1. ЭМИТЕНТТИҢ АТАУЫ, ОНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫШАНЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

	ТОЛЫҚ АТАУЫ	ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЫ
Мемлекеттік тілде	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғамы	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Национальная атомная компания «Қазатомөнеркәсіп»	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Ағылшын тілінде	Joint stock company «National atomic company «Kazatomprom»	JSC «NAC «Kazatomprom»

Эмитент заңды тұлға ретінде бастапқы тіркелген күннен (21 ақпан 1997 жыл) бастап, бағалы қағаздар листингі туралы өтініш берген күнге дейін оның атауы ұйымдастыру-құқықтық нышанының өзгеруіне (13 сәуір 2005 жыл) байланысты өзгерді.

Алдыңғы атауы:

Толық – «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» жабық акционерлік қоғамы

Қысқартылған - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» ЖАҚ

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылған жоқ.

2.2. ЭМИТЕНТТИҢ ТОЛЫҚ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ (ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ) ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ МЕН ФАКСІНІҢ НОМЕРЛЕРІ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАСЫ МЕН КОРПОРАТИВТІК ИНТЕРНЕТ-САЙТЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ.

ТОЛЫҚ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ (ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ)	Z05T1X3, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Е10 к-сі, 17/12 үй
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ МЕН ФАКСІНІҢ НОМЕРЛЕРІ	+ 7 (7172) 45-81-01 + 7 (7172) 45-81-02
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАСЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ	nac@kazatomprom.kz
КОРПОРАТИВТІК ИНТЕРНЕТ-САЙТЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ	https://www.kazatomprom.kz

2.3. ЭМИТЕНТТИҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ. ЭМИТЕНТТИ ҚҰРУДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Эмитент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі № 1148 «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының мәселелері» қаулысына сәйкес құрылған.

Эмитент уран, сирек металдар, атом электр станциялары үшін ядролық отын импорты-экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы болып табылады.

НЕГІЗГІ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР

1999 жыл 1999 жылы Қазақстан АҚШ-та демпингке қарсы процесте жеңіске жетті, ал 2000 жылға қарай Эмитент АҚШ және Еуропа нарықтарына қазақстандық уранды сатуға шектеулірдің толық алынып тасталуына қол жеткізді. Осысебепті табиғи уран экспортының географиясы елеулі түрде кеңейтілді.

- 2000 жыл** 2000 жылы «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ (Эмитенттің еншілес ұйымы) «Дженерал Электрик» компаниясы (АҚШ) үшін уран диоксидінің кермикалық сұрыпты ұнтағын ресми сертификатталған жеткізушісіне айналды.
- Эмитент уран өндіру бойынша әлемде 6-шы орын алды.
- Құрылғаннан бері алғаш рет Эмитент оң қаржылық нәтиже көрсетті.
- 2003 жыл** Эмитент бериллий өнімдері бойынша жалпы өндірісінің 29%-ын бақылаумен әлемде екінші орынға және тантал индустриясында төртінші орынға шықты.
- 2005 жыл** Эмитент Sumitomo (Жапония) және РосАтом (Ресей) компанияларымен бірлескен кәсіпорындар құрып, халықаралық ынтымақтастық шекарасын кеңейтті.
- 2006 жыл** Эмитент Қытайдың CGNPC компаниясымен бірлескен кәсіпорын құрды.
- 2007 жыл** Эмитент 6,6 мың тоннаға қол жеткізіп, уран өндірісінің 25,7% ұлғайғанығы туралы хабарлады.
- 2008 жыл** Эмитент Қазақстанда ядролық отын өндіру зауытын құру енетін ядролық-отын циклі бойынша ынтымақтастық туралы AREVA (қазіргі уақытта - ORANO) компаниясымен стратегиялық келісім жасасты.
- 2008 жылғы 23 желтоқсанда Эмитент «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауының «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясы бойынша («Ірі кәсіпкерлік субъектісі» санаты) жеңімпазы болып жарияланды. Эмитент үшін бұл оның тұрақты даму облысындағы еңбегінің бірінші рет ресми мойындалуы болды.
- 2009 жыл** Қазақстан уран өндіруде бірінші орынға шықты, ал Эмитент 2010 жылдан бастап уран өндіруші компаниялардың арасында уран өндіру көлемі бойынша әлемдік көшбасшы позициясын ұстап келеді.
- 2012 жыл** Эмитент Japan Bank for International Cooperation (JBIC) стратегиялық келісім және Sumitomo Corporation и Japan Oil, Gas and Metals National Corporation корпорацияларымен сирек металдар бойынша жобаларға қатысты ынтымақтастық туралы келісім жасасты.
- 2013 жыл** Эмитент толық циклді күн панельдері өндірісі бойынша зауыт құру жобасын аяқтады.
- 2015 жыл** 2015 жылғы қарашада Эмитент пен Électricité de France (EDF) қазақстандық табиғи уран жеткізіліміне келісімшарт жасасты.
- Директорлар кеңесінің 20.11.2015 ж. № 15/15 шешімімен 2015-2017 жж. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін қайта құрылымдау (бейінді емес және көмекші ұйымдарды шығару) жосары бекітілді.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ өзара пайда туралы меморандумға қол қойды, оған сәйкес Эмитент халықаралық көрменің Әріптесі ретінде болуға ниетті.
- 2016 жыл** Ядролық қауіпсіздік бойынша 4 саммитте, Вашингтон, 2016 ж., ядролық отын Халықаралық Банкін орналастырғандығы үшін марапаттаулар алды.
- Қытайлық АЭС қажеттіліктері үшін Қазақстанда жылу бөлгіш құрастырылымдар өндірісі бойынша бірлескен кәсіпорын құрылды.
- Energy Novin Company компаниясымен (Иран) 2017-2019 жылдары қазақстандық табиғи уран жеткізуге келісімшарт жасасылды.
- Эмитент және Энергоатом 2017 жылғы қаңтарда Украина АЭС үшін байытылған уран өнімдерін жеткізуге алғаш рет келісімшарт жасасты.
- 2016 жылғы қазанда Швейцария, Цуг қаласында ТН Kazakatom трейдинг компаниясы құрылды.
- Эмитенттің Қытайдағы және Ресейдегі өкілдіктері таратылды.
- EDF француз энергетикалық компаниясы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Орталық ЕК» ЖШС-да «Өндірістің экологиялық қауіпсіздігі және тұрақты даму» аудитін жүргізді.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жаңа Маркетинг саясаты бекітілді

2017 жыл Эмитент құрған, Швейцарияда орналасқан «Қазақатом» сауда үйі трейдинг компаниясы (Trading house Kazakatom AG, ТҰК) жұмысын бастайды

2018 жыл «Астана» халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарының листингі жүзеге асырылды.

Эмитенттің Директорлар кеңесі келесі: (i) қызметтің негізгі түріне шоғырлану; (ii) өндіру, өңдеу және сату көлемдерін нарықтық шарттар негізінде оңтайландыру; (iii) маркетинг функцияларын күшейту және сату арналарын кеңейту жолымен құндылықтар құру; (iv) бизнес-қызметте озық іс-тәжірибелерді қолдану және (v) сала көшбасшысына сәйкес келетін корпоративтік мәдениетті дамыту бес негізгі аспектілерге көңіл бөле отырып, жаңа Даму стратегиясын қабылдады.

СТРАТЕГИЯ, ПАЙЫМДАМА ЖӘНЕ МИССИЯ

Эмитенттің миссиясы уран кен орындарын игеру және Эмитенттің барлық мүдделі тааптары үшін Тұрақты Дму қағидаттарына сәйкес қосымша құн тізбегінің компоненттерін дамыту болып табылады, пайымдамасы – жаһандық атом өнеркәсібі үшін Артықшылықты Өріптес мәртебесін алу. Осы мақсатпен Эмитент одан әрі қарай өсуге және уран саласының жетекші компаниясы ретіндегі өз позициясын келесі стратегияларды пайдалана отырып нығайтуға ұмтылады:

- өндіруге негізгі бизнес ретінде топталу;
- уран өндірісінде нарыққа бағдарланған тәсілдемені ұстану;
- операциялық тиімділік арқылы уран өндіру өнеркәсібінде әлемдік көшбасшылықты ұстап тұру;
- сатулар мен маркетингтің мүмкіндіктерін кеңейту және келісімшарттар қоржынын оңтайландыру;
- денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қатысты қатаң фокусты қолдау («Өндірістік қауіпсіздік» немесе «ӨҚ»);
- акционерлердің кірістері мен капиталдың оңтайлы құрылымы арасындағы теңгерімді сақтау;
- ядролық тізбектің құн құрайтын жаңа буындарын кеңейту.

Сенімділікке, техникалық жетілгендікке, өндірістік қауіпсіздіктің тамаша көрсеткіштері мен клиенттермен адал іскерлік іс-тәжірибеге топтала отырып, Эмитент уранмен және ілеспе қызметтермен қамтамасыз етуде көшбасшы позициясын сақтауға ұмтылады.

Эмитенттің миссиясы келесі негізгі аспектілерді анықтайды:

- **Тұрақты даму** – Эмитент еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік облысындағы үздік іс-тәжірибені қолдануға ұмтылады, ал басшылық үнемі жақсартуларға топталады.
- **Уран кен орындары және өндірістік тізбектің қосымша құн құратын буындары** – Эмитент бәсекелестік артықшылығы бар коммерциялық қызмет: уран өндіруге топталатын болады.
- **Ұзақмерзімдік құн құру** – Эмитент уран сегментінде одан әрі кеңейту үшін күрделі қаржы жұмсалымы салыстырмалы түрде жоғары емес ақша ағындарын генерирлейтін жоғарымаржиналды операцияларды жүзеге асырады. Борышқа қатысты консервативтік ұстанымын ескере отырып, Эмитент өзін нарықтық мүмкіндіктерді, олар бар болған жағдайда, пайдалану үшін жайғастыру мақсаттарында консервативтік баланс құрылымы мен қолайлы борыш деңгейін сақтай отырып, өз акционерлеріне елеулі ақша ағындарын қамтамасыз етуге ұмтылады.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

Денсаулық, өндірістік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, ядролық және радиациялық қауіпсіздік – Эмитенттің маңызды басымдықтары болып табылады. Табысты бизнес қауісіз жабдықтарда жұмыс істейтін дені сау адамдармен құрылатындығын түсіне отырып, Эмитент өндірістік қауіпсіздіктің сапасын үнемі жақсартып отырады. Қауіпсіздік мәдениетін тиімді ілгерілету үшін өндірістік қауіпсіздік департаменті Эмитент Басқармасының Төрағасына тікелей бағынады. Осындай тәсілдеме Топтың барлық еншілес кәсіпорындарынжа қолданылады.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

2019 жылдың 1-ші жартыжылдығында Эмитенттің кәсіпорындарында 2 жазатайым оқиға тіркелді, олардың нәтижесінде 4 адам жеңіл дәрежелі жарақат алды. Осы кезең ішінде іс-әрекетке қабілеттілікті толық жоғалтуға немесе өлім жағдайларына әкелген, сонымен қатар өнеркәсіптік авариялар (бақыланбайтын жарылыстар, қауіпті заттардың тасталуы немесе ғимараттардың қирауы) болған жоқ.

Өндірістік қауіпсіздік шараларының тиімділігін бағалау үшін Эмитент 1 000 000 жұмыс істеген сағатқа жұмыс уақытын жоғалтуға әкелген инциденттердің санын көрсететін LTIFR көрсеткішін (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар жиілігі) пайдаланады.

КӨРСЕТКІШ	1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ		АУЫТҚУ
	2018 жыл	2019 жыл	
LTIFR (1 млн. адам-сағатқа)	0.45	0.25	(44)%
Жазатайым оқиғалар саны	9	4	(56)%
Өлім жағдайлары	1	-	(100)%

Эмитент қауіпсіздік мәдениетін жақсарту және өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау деңгейін жоғарылату мақсаттарында қызметкерлермен және барлық деңгейлердегі басшылармен тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Ықтимал қауіпті жағдайларды сәйкестендіру және жауап қату, сонымен қатар мінез-құлық қауіпсіздігі аудитін жүргізу сияқты алдын алу шараларына ерекше көңіл аударылады.

Қызметкерлер жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен олардың жұмыс функцияларының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген.

Өндірістік бақылау жүргізетін тексерістерден басқа, Эмитент өндірістік қауіпсіздікті мердігерлік ұйымдардың үнемі мониторингтеуін жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау, ядролық және радиациялық қауіпсіздік

ЖСШ өндіру әдісінің негізгі артықшылығы оның қоршаған ортаға төмен әсер і болып табылатындығы жақсы белгілі. Жерасты және шахталық өндіру әдістерінен өзгеше, ЖСШ әдісімен өндіру кезінде үйінділер немесе елеулі қалдыққойма қажет етілмейді. Осы себепті Эмитент қызметінің жер бетіне, атмосфераға және сумен жабдықтауға ықпалы – төмен.

Эмитент өзінің уран кеніштерінде қоршаған ортаны және радиациялық қауіпсіздікті мониторингтеудің сенімді жүйелерін пайдаланады.

2019 жылдың бірінші жарты жылдығында барлық шаралар еңбекті қорғау туралы заңнамаға сәйкес және өкілетті мемлекеттік органдар берген рұқсаттарға сәйкес жүргізілді.

Радиациялық әсер және ядролық қауіпсіздік 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында қандай да бір асып кетусіз немесе радиациялық аварияларсыз тұрақты болып тұрды. Барлық жұмыстар нормативтік талаптарға және ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша жетекшілікке сәйкес жүргізілді.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Жарғыға сәйкес, Эмитент қызметінің негізгі түрлері:

- уран мен оның қосылыстарын, сирек және сирекжер металдарды барлау, өндіру және өңдеу, атом электр станциялары үшін ядролық отын өндірісі, МАГАТЭ жетекшілік материалдарының негізінде арнайы жабдықтар мен технологиялар, қосарлы пайдалану материалдар өндірісі;
- тікелей және/немесе өзінің еншілес ұйымдары, тәуелді акционерлік қоғамдары және/немесе бірлесіп бақыланатын ұйымдары арқылы заңнамамен белгіленген тәртіпте уран мен оның қосылыстарын, сирек және сирекжер металдарды, атом электр станциялары үшін ядролық отынды, арнайы жабдықтар мен технологияларды, қосарлы пайдалану материалдарын экспорттау және импорттау, өткізу нарығының мониторингін жүзеге асыру;
- уран мен оның қосылыстарын, сирек және сирекжер металдарды және өзге де пайдалы қазбаларды өндіру процесін сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау және өндіру;
- өзіне иелікке, пайдалануға және билік етуге табысталған мүлікке өз атынан сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру, сонымен қатар эмитенттің мүлігін сенімгерлік басқаруға табыстау;
- өнімдеоді, Қазақстан Республикасы атом-энергетикалық кешенінің өнімдерін қоса, әлемдік нарықта өткізу;
- ядролық материалдардың мемлекеттік резервін ұстау және оған қызмет көрсету;

- Қазақстан Республикасының уран кен орындары бойына геологиялық ақпараты мониторингтеуде жәрдем ету;
- Қазақстан Республикасының мүдделерін Эмитентке берілген толық көлемде білдіру, қолданылатын құқыққа сәйкес оларды сыртқы және ішкі нарықтарда қорғауды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы атом-энергетикалық кешенінің өнімдерін сыртқы және ішкі нарықтарда демпингтеу процестерін болдырмау бойынша мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;
- Уран өнімдерін экспорттау бойынша қызметтер көрсету;
- Атом электр станцияларын және жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін жобалау, құрылысын салу және пайдалану;
- инвестициялық қызмет, инвестициялық жобаларды еншілес ұйымдарында және тәуелді акционерлік қоғамдарында іске асыруды қоса;
- эмитенттің коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды қорғау;
- эмитенттің заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін заңнамамен белгіленген тәртіпте және шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тысқары жүзеге асыру құқығы бар.

2.4. ЭМИТЕНТКЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОТАНДЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІКТЕРІ БЕРГЕН РЕЙТИНГТІҢ БАР-ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

Эмитентке келесі ұзақмерзімді кредиттік дефолт рейтингтері берілген

АТАУЫ	РЕЙТИНГ	СОҒҒЫ ХАБАРЛАНҒАН КҮН
Fitch Ratings рейтинг агенттігі	BBB-, «Тұрақты» болжамы	05 қазан 2018 жыл
Moody's Investors Service рейтинг агенттігі	Вaa3, «Тұрақты» болжамы	19 маусым 2019 жыл

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитенттің айналыстағы кредиттік рейтинг берілмеген бағалы қағаздары жоқ.

2.5. ЭМИТЕНТ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА НЕГІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЛИЦЕНЗИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитенттің негізгі қызмет бойынша келесі лицензиялары бар:


№ п/п	ЛИЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ҚЫЗМЕТ ТҮРІ (ЛИЦЕНЗИЯ АТАУЫ)	БЕРІЛГЕН КҮНІ	ЛИЦЕНЗИЯ №	ҚЫЗМЕТ ТҮРІ (ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ)	ЛИЦЕНЗИАР (ЛИЦЕНЗИЯ БЕРГЕН ОРГАННЫҢ АТАУЫ)
1	«Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу» мемлекеттік лицензиясы	04.07.2019ж.	№ 19014381	Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу (04.12.2019ж.)	«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі
2	«Ядролық материалдармен жұмыс істеу» мемлекеттік лицензиясы	05.07.2019г.	№ 19014444	-Ядролық материалдарды сақтау -Ядролық материалдар	«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және

				- Ядролық материалдарды өткізу - Ядролық материалдар (18.01.2024ж. дейін)	энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі.
3	Геодезиялық және картографиялық жұмыстар өндірісі бойынша қызметке мемлекеттік лицензия	14.05.2002ж.	№ 00283	- Геодезиялық жұмыстар жүргізу - картографиялық жұмыстар жүргізу (мерзімсіз)	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті.

МИНЕРАЛДЫҚ АКТИВТЕР


Эмитенттің минералдық активтері Қазақстанның төрт негізгі әкімшілік облыстарында орналасқан: Қызылорда облысы (Шиелі және Жаңақорған аудандары); Түркістан облысы (Созақ және Отырар аудандары); Солтүстік Қазақстан облысы (Уәлихан ауданы); Ақмола облысы (Еңбекшілер ауданы).

Минералдық активтердің және өндіру және өңдеу объектілерінің орналасқан жерлері



Қазақстандағы уран кен орындары алты уран провинциясы бойынша топтастырылған.

ҚМК (Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия) стандарттарына сәйкес уранның таралуы көрсетілген Қазақстандағы уран провинциялары



Солтүстік Қазақстанда, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орналасқан Семізбай кен орнын қоспағанда, Эмитенттің кен орындары Қазақстанның оңтүстігінде – Шу-Сарысу және Сырдарья провинцияларында орналасқан.

Барлық кеніштер халық аз қоныстанған және өсімдік жабыны барынша аз жерлерде. Кеніштердің усаскелеріндегі табиғи өсімдіктер шөл өсімдіктерінен бастап бұталы өсімдіктер арқылы дала өсімдіктеріне дейін түрленеді. Тек алты кеніш қана кент немесе ауыл болып табылатын елді мекендерден 10 км шегінде орналасқан. Барлық өңірлерде климат континенталды, жазы ыстық, қысы қатты және жауын-шашын аз (300 мм немесе одан аз).

Минералдық Активтер¹ бойынша статистикалық деректер

Өндіруші еншілес кәсіпорын	Капиталда ағы үлесі (%)	Геологиялық провинция	Кен орындары /Өндіруші бөлімшелер (Саны)	Келісім шарттар (Саны)	Лицензиялық алаң (км)	Ашылуы (жыл)	Өндірудің басталуы (жыл)	ТЖДЖ	
								Таусылуы (жыл)	Өндіру (тУ)
Өндіруші активтер									
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100,00	Шу-Сарысу	5	5	252.90	1963	1997	2040	2,050
«Орталық» ЕК» ЖШС	100,00	Шу-Сарысу	2	2	186.40	1964	2007	2032	1,974
«РУ-6» ЖШС	100,00	Сырдария	2	1	59.58	1979	1997	2031	987
«АППАҚ» БК» ЖШС	65,00	Шу-Сарысу	1	1	133.46	1976	2008	2036	1,000
«Инкай» БК» ЖШС	60,00	Шу-Сарысу	3	1	139.00	1976	2008	2052	4,000
«Семізбай-У» ЖШС	51,00	Сырдария; Солтүстік Қазақстан	2	2	71.20	1973	2008	2041	1,201
«Ақбастау» БК» АҚ	50,00	Шу-Сарысу	3	2	2.71	1976	2009	2039	1,931
«Қаратау» ЖШС	50,00	Шу-Сарысу	1	1	17.28	1979	2007	2033	3,200
«Заречное» БК» АҚ	49,98	Сырдария	1	1	38.00	1977	2007	2023	837
«КАТКО» БК» ЖШС	49,00	Шу-Сарысу	2	1	45.73	1976	2001	2033	4,013
«Хорасан-У» « БК» ЖШС	50,00	Сырдария	1	1	70.80	1972	2008	2036	2,990
					116.91	1976	2004	2036	3,080
«Байкен-У» ЖШС	52,50	Шу-Сарысу	1	1	350.00	1972	2009	2032	2,030
Жиыны			26	21	1,483.97	1963	1997	2052	28,372
Озыңқы барлау активтері									
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	100,00	Шу-Сарысу	2	2	424.00	1976	н/д	н/д	н/д
«Буденновское» ЖШС	51,00	Шу-Сарысу	2	1	151.30	1976	н/д	н/д	н/д
Жиыны			4	3	575.30	1976	н/д	н/д	н/д
БАРЛЫҒЫ			30	24	2,059.27	1963	1997	2052	28,372

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ

Эмитент және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға 24 келісімшарты бар, олар келесі мүмкіндіктерді береді:

- Эмитентке және оның еншілес компанияларына Шу-Сарысу және Сырдария провинцияларында орналасқан, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрамында жиынтығында 255,4 мың тонна UME (Uranium metal content equivalent – уран металының баламалы мөлшері) бар дәлелденген және ықтимал кен қорлары, сонымен қатар 395,6 мың тонна UME бар өлшенген және болжамды пайдалы қазба ресурстары бар 13 уран учаскесіне қатысты өндіру құқығы;

- Эмитенттің бірлескен және қауымдастырылған компанияларына 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірге алғанда 100% негізде 265,2 мың тонна UME дәлелденген және ықтимал кен қорлары тіркелген және 344,4 мың тонна UME жалпы пайдалы қазба ресурстары бар Шу-Сарысу, Сырдария және Солтүстік Қазақстан провинцияларында орналасқан 11 уран кен орнына қатысты өндіру құқығы.

Жер қойнауын пайдаланушылар мен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі тұлғасында Қазақстан Республикасы арасында жасасылған жер қойнауын пайдалануға келісімшарттың шарттарына сәйкес, келісімшарттарды орындау процесінде қандай да бір тарап алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қажетті есептерді құрастыру үшін пайдалана алады.

Инвестициялық меморандумның осы бөлімі үшін «SRK Consulting (UK) Limited» халықаралық консультациялық компаниясы («SRK») дайындаған «2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Минералдық активтері үшін Минералдық ресурстарды және Кен қорларын бағалау» Есебінен алынған ақпарат пайдаланылды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының:

- құрамында 0.061%U және 520.6ktU бар 859.7Mt (Mt - миллион тонна) руда көлемінде жиынтық Кен Қорлары бар, оларға:

¹ «Құзыретті тұлғалардың (CPR) Акционерлік Қоғамның Минералдық Активтері бойынша есебі» «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы», Қазақстан Республикасы», 2019 жылғы 12 қаңтар, https://kazatomprom.kz/storage/e4/uk30280_kap_2019_cpr_letter.pdf сілтемесі бойынша.

- құрамында 0.061%U және 291.5ktU бар 474.9Mt көлеміндегі Дәлелденген Кен Қорлары құрамында 0.060%U және 229.0ktU бар 384.2Mt көлеміндегі Ықтимал Кен Қорлары кіреді және
- құрамында 0.054%U, 740.0ktU бар 1,373.7Mt көлеміндегі Жиынтық Минералды Ресурстары бар, оларға:
 - құрамында 0.058%U және 348.8ktU бар 601.4Mt көлеміндегі Өлшенген Минералды Ресурстар,
 - құрамында 0.051%U және 387.7ktU бар 764.5Mt көлеміндегі Есептелген Минералды Ресурстар, және
 - құрамында 0.045%U және 3,6ktU бар 7.9Mt көлеміндегі Ықтимал Минералды Ресурстар кіреді.

2018 жылғы 3 желтоқсан бойынша Барлық Минералдық Активтердің Минералдық ресурстары мен Кен қорлары

Тау-кен өндіру еншілес кәсіпорын	Кен орны (Саны)	Кен Қорлары			Минералдық Ресурстар		
		(Мт)	(%U)	(ктU)	(Мт)	(%U)	(ктU)
Өндіру активтері							
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	5	71.9	0.041	29.8	73.6	0.042	30.6
«Орталық» ЕК» ЖШС	2	62.4	0.045	28.0	106.9	0.040	42.3
«РУ-6» ЖШС	2	20.4	0.076	15.5	20.4	0.076	15.5
«АППАҚ» БК» ЖШС	1	53.6	0.035	18.8	53.6	0.035	18.8
«Инкай» БК» ЖШС	3	262.1	0.054	141.8	262.1	0.054	141.8
«Семізбай-У» ЖШС	2	58.8	0.046	27.3	58.8	0.046	27.3
«Ақбастау» БК» АҚ	3	49.0	0.088	43.0	49.0	0.088	43.0
«Қаратау» ЖШС	1	58.4	0.080	46.9	58.4	0.080	46.9
«Заречное» БК» АҚ	1	8.3	0.060	5.0	11.2	0.057	6.4
«КАТКО» БК» ЖШС	2	55.5	0.105	58.1	55.5	0.105	58.1
«Хорасан-У» БК» ЖШС	1	39.1	0.107	41.7	39.1	0.107	41.7
«ОТХК» БК» ЖШС	2	100.3	0.043	43.1	214.4	0.041	88.2
«Байкен-У» ЖШС	1	19.2	0.112	21.5	19.2	0.112	21.5
Жиыны	26	859.1	0.061	520.6	1.022.3	0.057	582.2
Озыңғы барлау активтері							
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	2	н/д	н/д	н/д	306.1	0.041	125.1
«Буденновское» ЖШС	2	н/д	н/д	н/д	45.3	0.072	32.7
Жиыны	4	н/д	н/д	н/д	351.4	0.045	157.8
БАРЛЫҒЫ	30	859.1	0.061	520.6	1.373.7	0.054-	740.0

2.6. ЭМИТЕНТТИҢ БАРЛЫҚ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ АТАУЛАРЫ, ТІРКЕЛГЕН КҮНДЕРІ, ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ (ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ)

Эмитенттің Америка Құрама Штаттарында Мэриленд штатында, Бетесда қаласында өкілдігі бар.

ФИЛИАЛДАРДЫҢ/ӨКІЛДІКТЕРДІҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ	ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ/ПОШТАЛЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ	ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ АҚШ-тағы өкілдігі	7315 Висконсин авеню (Wisconsin Avenue Suite) 700E, Мерилленд штаты, Бетесда қ. (MD, Bethesda); пошталық индексі: 20814	1 мамыр 2013 жыл

2.7. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2019 жылғы 01 тамыз бойынша

ЖАРИЯЛАНҒАН ЖАЙ (ТҮРІ) АКЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ	259 356 608 дана
ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАЙ (ТҮРІ) АКЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ	259 356 608 дана
АКЦИЯНЫҢ МЕНШІК ИЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР	Эмитенттің Акционерінің келесі құқықтары бар: 1) Заңмен және (немесе) Эмитенттің Жарғысымен (бұдан әрі – Жарғы) көзделген тәртіпте Эмитентті басқаруға қатысу; 2) Дивидендтер алу; 3) Эмитенттің қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Эмитенттің акционерлерінің жалпы

жиналысымен (бұдан әрі - «Акционерлердің жалпы жиналысы») немесе Жарғысымен анықталған тәртіпте Эмитенттің қаржылық есептілігімен танысу;

4) Орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалық қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

5) Акционерлердің жалпы жиналысына Эмитенттің Директорлар кеңесіне (бұдан әрі «Директорлар кеңесі») сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;

6) Эмитенттің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;

7) Эмитентке оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгіну және сауал Эмитентке келіп түскеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде уәжделген жауаптар алу. Бұл ретте мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге қолжетімділік Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады;

8) Эмитент таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен белгіленген тәртіпте Эмитенттің оның акцияларына конвертацияланатын акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (бұдан әрі – Заң) көзделген тәртіпте Акционерлердің жалпы жиналысының Эмитент акцияларының санын немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу;

11) Эмитенттің дауыс беруші акцияларының 5% (бес пайызы) және одан артық пайызына дербес немесе басқа акционерлермен бірлестікте иелік еткен жағдайда:

– Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Заңмен сәйкестікте қоймша сұрақтар енгізуді Директорлар кеңесіне ұсыну;

– Заңмен көзделген жағдайларда Эмитенттің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпарат алу;

– Заңмен көзделген жағдайларда Эмитентке Эмитенттің лауазымды тұлғаларының Эмитентке келтірілген залалды өтеуі және Эмитентке Эмитенттің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының олар ірі мәмілелер және (немесе) оларды жасауда мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдауының нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгіну құқығы бар.

Ірі акционердің немесе олардың арасында жасасылған келісім негізінде әрекет ететін, оған (оларға бірлестікте) Эмитенттің дауыс беруші акцияларының 10% (он пайызы) және одан артық пайызы тиесілі бірнеше акционердің келесі қосымша құқықтары бар: Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету

немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгіну;
1) Эмитенттің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
2) Аудиторлық ұйымның Эмитент аудитін өз есебінен жүргізуін талап ету.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ТАРИХЫ

Құрылған мезетіне, 1997 жылы Эмитенттің 3,373,136 мың теңге мөлшеріндегі Акционерлік капиталы оңтүстік кен басқарудың мүліктік кешенінен (Оталық, Далалық жәе №6 Кен басқармасы) және «Волковгеология» АҚ, т»ҮМЗ» АҚ және «КАТЭП» АҚ акцияларының мемлекеттік топтамаларынан құралды.

2005-2007 жылдары Эмитенттің Акционерлік капиталының мөлшері Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі тұлғасындағы жалғыз акционердің 33,157,311 мың теңге сомасындағы ақшалай, 52,115 мың теңге сомасындағы бағалы қағаздармен, 109,799 мың теңге сомасына мүліктік құқықтармен жүзеге асырылған жарналарының есебінен 33,319,225 мың теңге жалпы сомасына (33,319,225 дана акция) ұлғайды.

209 жылғы қаңтарда акционердің ауысуы және Эмитенттің акцияларына иелік ету құқығының Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен акцияларының 100%-ы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-на көшуі өтті.

2009 жылдан бастап қазіргі уақыт кезеңінің аралығында Эмитенттің Акционерлік капиталының мөлшері «Самұрық-Қазына» АҚ тұлғасындағы жалғыз акционердің 92,600 мың теңге сомасындағы бағалы қағаздармен және 265,983 мың теңге сомасына мүліктік құқықтармен жүзеге асырылған жарналарының есебінен 358,583 мың теңге жалпы сомасына (358,583 дана акция) ұлғайды.

2018 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Эмитенттің орналастырылған (төленген) акцияларының жалпы санын 1:7 қатынаста ұсақтауды (сплит) тіркеді. Бұл ұдғайтудың нәтижесінде Эмитенттің орналастырылған (төленген) акцияларының саны 37,050,944 данадан 259,356,608 данаға дейін артты.

2018 жылғы 13 қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ Эмитенттің акционерлік капиталының 15%-ын құрайтын жаһандық депозитарлық қолхаттарды немесе ЖДҚ қоса 38,903,491 акцияны Лондон қор биржасында (LSE) және Астана халықаралық биржасында (AIX) қос листинг түрінде ұсынды. Әрбір ЖДҚ бір акцияны білдіреді. Ұсыныстың бағасы тиісінше бір ЖДҚ үшін 11.60 АҚШ долларын және жай акция үшін 4,322.74 теңге құрады.

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитент акцияларының 85.08%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі және 14.92%-ы еркін айналысқа жіберілген, Эмитенттің Акционерлік капиталы 37,050,945 мың теңге құрайды.

2.8. ТАҢДАУЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕР.

2019 жылың 1-ші жартыжылдығының аяғындағы, аудиторлық есептермен расталған, 2016-2018 жылдар үшін таңдаулы тарихи қаржылық деректер және 2019 жылдың 1-ші жартыжылдығының аяғы үшін аралық деректер

Көрсеткіштің атауы, млн теңге	31.12.2016 ж. ²	31.12.2017 ж. ³	31.12.2018 ж.	30.06.2019г ⁴ .
Активтер	820,031	938,032	1,381,116	1,578,514
Таза активтер	567,830	641,176	963,010	1,140,602
Акционерлік капитал	36,785	37,051	37,051	37,051
Акциялардың саны*	36,784,961	37,050,944	259,356,608	259,356,608
	3А 2016 г.	3А 2017 г.	3А 2018 г.	3А 6 М2019
Жалпы кіріс	110,433	67,112	122,815	46,959
Негізгі қызметтен пайда/ (залал)	73,242	32,602	77,480	27,094
Жалғасатын қызметтен пайда/ (залал)	111,555	136,723	379,162	103,956
Кезең ішіндегі пайда/ (залал)	111,555	139,154	380,266	103,956
Негізгі қызметтен бір акцияға пайда/ (залал), теңге	1,995	882	299	104
Жалғасатын қызметтен бір акцияға пайда/ (залал), теңге	3,038	3,699	1,431	358
Бір акцияға дивидендтердің мөлшері	1,790	4,374	308	-
Бір акцияға көбейтілген пайда	2,963	3,748	1,435	358

* 2018 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Эмитенттің орналастырылған (төленген) акцияларының жалпы санын 1:7 қатынаста ұсақтауды (сплит) тіркеді

** 2016-2017 жылдар үшін ақпарат одан кейінгі кезеңдегі анағұрлым өзекті аудиторлық есепке сәйкес қайта есептелді.

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша:

Эмитент өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуды жүзеге асырған жоқ.

Ешілес ұйымдар Эмитенттің акцияларына иелік етпейді.

Эмитент оның акционерлік капиталының құрамына енгізілмейтін акциялар шығарған жоқ.

² Дереккөз 2015-2017жж. Жылдық қаржылық есептілік, https://www.kazatomprom.kz/ru/investors/lse_prospectus

³ Дереккөз 2017-2018жж. Жылдық қаржылық есептілік.

мына сілтеме бойынша 2018 жылғы қаржылық есептіліктен алынды:
https://www.kazatomprom.kz/storage/1a/nac_kazatomprom_31_december_2018_0.pdf

⁴ Дереккөз 2019 ж. 6 айы бойынша қаржылық есептілік

мына сілтеме бойынша 2019 ж. 6 айы бойынша қаржылық есептілік шолуынан алынды:

https://www.kazatomprom.kz/storage/78/kfo_za_3_i_6_mesyatsev_zakonchivshihnya_30_iunya_2019_rus_yaz.pdf

3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР

3.1. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.

Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (Акционерлердің жалпы жиналысы құрылғанға дейін Эмитенттің жоғарғы органы Жалғыз акционер болып табылды);

Басқару органы – Директорлар кеңесі;

Атқарушы орган – «Басқарма Төрағасы» деп аталатын төрағасы басшылық ететін Басқарма;

Эмитенттің шаруашылық-қаржылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;

Басқару органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Эмитенттің Жарғысымен анықталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Эмитентті ерікті қайта құру немесе тарату;
- 3) Эмитенттің жарияланған акцияларының санын ұлғайту, олардың түрін анықтау немесе Эмитенттің жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Эмитенттің бағалы қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 5) Эмитенттің жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
- 6) Жарияланған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
- 7) Эмитенттің бағалы қағаздарын Эмитенттің бағалы қағаздары айналысқа жіберілген қор биржасының ресми тізімінен уақытша немесе тұрақты алып тастау туралы шешім қабылдау;
- 8) Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 9) Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімдерін анықтау, есеп комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағандығы үшін сыйақылардың және шығыстарының өтемақысының мөлшерін және төлеу шарттарын анықтау
- 11) Эмитенттің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 12) Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) бекіту;
- 13) Эмитенттің есептік қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлудің тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша (егер Эмитент мұндай акцияларды шығарған болса) дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Эмитенттің 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты (бар болған жағдайда) акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 14) Эмитенттің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 15) Эмитенттің дивидендтік саясатын бекіту;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда жасалуында мүдделілік бар мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 17) Акционерлердің жалпы жиналысының шақырылатындығы туралы Эмитенттің акционерлерге хабарлау нышанын анықтау;
- 18) Эмитенттің акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 19) Директорлар кеңесінің мүшелеріне акцияларға опциондар ұсыну туралы шешім қабылдау;
- 20) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 21) Акционерлерге Эмитенттің қызметі туралы ақпарат берудің тәртібін, егер мұндай тәртіп Эмитенттің Жарғысымен анықталмаған болса, анықтау;
- 22) Эмитенттің өзге заңды тұлғалар құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан жиынтығында Эмитентке тиесілі барлық активтердің 25% және одан көп пайызын құрайтын бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін табыстау (алу) жолымен шығу туралы шешім қабылдау;
- 23) Эмитенттің нәтижесінде (нәтижелерінде) Эмитент активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50% (елу пайыз) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) ірі мәміле жасасу туралы

шешім қабылданған күнге Эмитент активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50% (елу пайыз) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдауы туралы шешім қабылдау;

24) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де сұрақтар.

Директорлар кеңесі

Эмитенттің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Эмитент қызметінің басымды бағыттарын анықтау, Эмитенттің даму стратегиясын және даму жосарларын (оларға өзгерітер мен толықтыруларды) бекіту, Эмитенттің даму стратегиясының іске асырылуы туралы жылдық есепті мақұлдау;
- 2) Эмитенттің 5 (бес) жылдық кезеңге арналған шоғырландырылған бизнес-жоспарын бекіту, оның іске асырылуын және орындалуын бақылауды жүзеге асыру, сонымен қатар шоғырландырылған бизнес-жоспарды түзетулерді бекіту;
- 3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың жарияланған акциялар санының шегіндегі саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Эмитенттің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту, Эмитенттің Директорлар кеңесінің және Басқармасының жұмысы туралы жылдық есепті мақұлдау;
- 6) Эмитенттің интеграцияландырылған жылдық есебін бекіту;
- 7) Эмитенттің аралық қаржылық есептілігін (жартыжылдық) қарау және бекіту;
- 8) Эмитенттің қаржылық есептілігін аудиттегендігі үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Эмитенттің акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- 9) Эмитенттің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 10) Эмитенттің Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, ол туралы ережені бекіту, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелері сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрыналып тастау туралы шешім қабылдау;
- 11) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарына қатысты ұсыныстар беру;
- 13) Директорлар кеңесінің қандай да бір комитетін немесе өзге органын құру, оларды жасақтаудың және жұмысының тәртібін, құрамын, қызметі мен құзыреттер шеңберін анықтау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Эмитентте ішкі бақылау процедураларын белгілеу және олардың сақталуын бақылау;
- 15) Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, ол туралы ережені бекіту, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, оның құзыреттері мен функцияларын, сонымен қатар еңбекке ақы, сыйлықақы және әлеуметтік қолдау төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, Эмитенттің Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Эмитенттің Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 16) Эмитенттің Комплаенс қызметінің басшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, сонымен қатар оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, Эмитенттің Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреттері мен функцияларын, сол сияқты еңбекке ақы, сыйлықақы және әлеуметтік қолдау төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау, Комплаенс қызметінің жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, Эмитенттің Комплаенс қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Эмитенттің Комплаенс қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, Эмитенттің комплаенс мәселелері бойынша саясаттарын, процедураларын және өзге де ішкі құжаттарын бекіту;
- 17) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшы қызметін құру туралы шешім қабылдау, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйлықақы, әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

18) омбудсменді тағайындау, омбудсменнің өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ол туралы ережені бекіту, сол сияқты омбудсменнің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйлықақы, әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, омбудсменге тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, омбудсменнің қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

19) Эмитенттің резервтік капиталын пайдаланудың тәрібін (егер ол бар болса) анықтау;

20) Эмитенттің ішкі қызметін реттейтін, тізбесі Директорлар кеңесімен бекітілетін құжаттарды, соның ішінде Эмитенттің бағалы қағаздарын аукциондар және (немесе) жазылым өткізу арқылы орналастырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

21) Эмитенттің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10%-ын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

22) Жарғының 106-тармағының 22) тармақшасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Эмитенттің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

23) Эмитенттің шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

24) Эмитенттің жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ірі мәмілелер жасасуды қоспағанда, Эмитенттің Заңнамаға сәйкес ірі мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдау;

25) Жарғыға сәйкес Эмитенттің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған, Эмитенттің жасауында мүдделілік бар мәмілелерді қоспағанда, Эмитенттің жасауында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

26) Эмитенттің міндеттемелерін Эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 10% (он пайыз) және одан көп пайызын құрайтын шамаға көбейту туралы шешім қабылдау;

27) Эмитенттің (немесе оның еншілес немесе бірлесіп бақыланатын ұйымдарының кез келгенінің) Қазақстан Республикасында, сонымен қатар одан тысқары жер қойнауын пайдалануға лицензиялар немесе келісімшарттар алуы, оларды табыстауы, осынай лицензияларға немесе келісімшарттарға өзгерістер енгізу (тараптардың деректемелерін өзгерту және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізуді қоспағанда), жер қойнауын пайдалану заңнамасының шегінде стратегиялық әріптестермен шарттар жасасу;

28) Эмитенттің дивидендтік саясатын алдын ала бекіту және оны Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару;

29) Акционерлердің жалпы жиналысына Эмитенттің аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлудің тәртібі және жыл қорытындысы бойынша және/немесе Эмитенттің дивидендтік саясатымен анықталған тәртіпте Эмитент төлейтін дивидендтердің Эмитенттің 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегендегі мөлшері туралы ұсыныстар беру;

30) Эмитенттің бағалы қағаздары айналысқа жіберілген қор биржасының листингтік қағидаларының ұстанылуын бақылау;

31) Эмитенттің бағалы қағаздарын Эмитенттің бағалы қағаздары айналысқа жіберілген қор биржасының ресми тізімінен уақытша немесе тұрақты алып тастау туралы шешімді алдын ала бекіту;

32) Эмитенттің акцияларға опцион (опцион бағларламалары) кез келген жоспарларын және/немесе Басқармасының Төрағасын, Басқарма мүшелерін және Эмитенттің жұмыскерлерін ынталандырудың ұзақмерзімдік жоспарлары бекіту;

33) Эмитенттің Эмитентке тиесілі барлық активтердің құнының 0.25%-ынан (ноль бүтін жүзден жиырма бес пайызынан) асатын сомадағы әлеуметтік шығыстарын мақұлдау (Заңнамамен талап етілетін әлеуметтік шығыстардан басқа, Жарғыда қарастырылған немесе қолданыстағы шарттар бойынша қарастырылған жағдайларда);

34) Эмитенттің өкілдіктері мен филиалдарын, Эмитенттің орталық аппаратының құрылымдарын қоса, Эмитент жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту;

35) Эмитент Басқармасы мүшелерінің басқа заңды тұлғаның органдарына сайлану немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдану мүмкіндігі туралы келісім беру жөнінде шешім қабылдау;

36) Эмитенттің корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін бағалау;

37) Эмитент Басқармасының Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсаттық және іс жүзіндегі мөндерін, Эмитенттің Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, корпоративтік хатшысының, омбудсменінің қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

38) Эмитенттің есепке алу саясатын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

39) Эмитенттің және акцияларына (қатысу үлестеріне) Эмитент тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін құжатты бекіту (қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және (немесе) иеліктен шығару, сенімгерлік басқаруға табыстау,

- ауыртпалықтар саоу/құру және т.б. қоса, алайда олармен шектелмей), оның іске асырылуын мониторингтеу, сонымен қатар көрсетілген құжатты кезеңді негізде қайта қарап отыру;
- 40) акцияларына (қатысу үлестеріне) Эмитент тікелей немесе жанама түрде иелік ететін Заңды тұлғалардағы лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты ішкі құжаттарды бекіту;
- 41) Эмитенттің тәуекелдерін басқару стратегиясын және саясатын анықтау, тәуекелдерді басқару жүйесінің ұстанылуын қамтамасыз ету және оның тиімділігін бағалау;
- 42) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 10% (он пайыз) және одан көп пайызы Эмитентке тікелей немесе жанама түрде тиесілі Заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 43) Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Басқармасының құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, Заңнамамен, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілетін ішкі құжаттармен көзделген шешімдерді қабылдау;
- 44) Басқарманың есептік кезеңде орын алған негізгі іс-шаралар туралы ақпарат берілген есебін қарау, бизнестің операциялық бағыттарының әрқайсысы бойынша жаңартуды қоса, алайда олармен шектелмей: стратегиялардың және акционерлерің күтулерінің, инвестициялық жобалардың орындалуы, өндірістік қауіпсіздіктің жағдайы туралы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерін орындаудың прогресі, трансформация бағдарламасының орындалуы туралы;
- 45) Басқарманың аяқталған кезең ішіндегі жоспардан кез келген ауытқу түсіндіріліген, бұл ауытқулар талданған қаржылық көрсеткіштердің нәтижелері сипатталған есебін қарау;
- 46) Тұрақты даму облысындағы стратегиялық құжаттарды, тұрақты даму облысындағы есепті және іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 47) Эмитент туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 48) Акционерлердің жалпы жиналысымен олар бойынша шешім қабылданатын мәмілелерді қоспағанда, Эмитент нәтижесінде құны Эмитент активтерінің жалпы құнының 10% (он пайыз) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып ала алатын немесе иеліктен шығара алатын) мәміле немесе өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;
- 49) ірі инвестициялық жобаларды және басқа негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;
- 50) Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарымен мәмілелерді, сонымен қатар үлгілік нышандары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттарды қоспағанда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мекемелермен, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындармен, заңды тұлғалармен және олармен үлестес заңды тұлғалармен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
- 51) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 52) Заңнамамен, тиісті қор биржасының листингтік қағидаларымен, Эмитенттің Жарғысымен, Эмитенттің ішкі құжаттарымен, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан (елу пайыздан) асасы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі заңды тұлғаларға қатысты әдістемелік ұсыныстармен және корпоративтік стандарттармен көзделген өзге де сұрақтар.

Эмитенттің Басқармасы.

Эмитент Басқармасының құзыреті:

- 1) Эмитенттің ішкі қызметін реттейтін, Эмитент Акционерлерінің алпы жиналысымен және (немесе) Директорлар кеңесімен Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес қабылданатын құжаттарды бекіту;
- 2) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерінің (қазақстандық та, сонымен қатар шетелдік те) басшыларын тағайындау;
- 3) Эмитенттің даму стратегияларын, Эмитенттің 5 (бес) жылдық кезеңге арналған даму жоспарын (бизнес-жоспарды) және оның түзетулерін мақұлдау және Эмитенттің Директорлар кеңесінің қарауына шығару;
- 4) Эмитенттің стратегиясының іске асырылуы туралы жылдық есепті, жеке жылдық бюджетті (соның ішінде Эмитенттің қаржылық жоспарын, инвестициялардың жиынтық жоспарын және әкімшілік шығыстарын) және Эмитенттің 5 жылдық кезеңге арналған жеке Бизнес-жоспарын бекіту;
- 5) Эмитенттің Қазақстан Республкасының аумағындағы филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу, сонымен қатар олар туралы ережелерді бекіту;
- 6) Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Жрғымен Эмитенттің өзге органдарының және Эмитенттің Басқармасының Төрағасының құзыретіне жатқызылмаған мәмілелерді жасасуы;

- 7) Эмитент нәтижесінде құны Эмитент активтерінің жалпы құнының 10%-ынан (он пайызынан) кем құрайтын мүлік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып ала алатын немесе иеліктен шығара алатын) мәміле немесе өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу;
- 8) Эмитенттің Директорлар кеңесінің қарауына Эмитент жұмыскерлерінің жалпы санын және Эмитенттің орталық аппаратының құрылымын шығару;
- 9) Эмитенттің, оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса, Эмитенттің Директорлар кеңесімен бекітілген Эмитент жұмыскерлерінің жалпы санын, Эмитенттің орталық аппаратының құрылымын ескерумен, штаттық кестесін бекіту;
- 10) Эмитент жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын, әкімшілік және басқарушы жұмыскерлерінің (Эмитенттің Басқармасы мүшелерін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерін, комплаенс қызметі жұмыскерлерін, корпоративтік хатшысын және омбудсменін қоспағанда) лауазымдық жалақыларының сызбаларын бекіту;
- 11) Эмитенттің заңнамаға және «Самұрық-Қазына» АҚ демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясатына, сонымен қатар Эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуі;
- 12) Эмитент Басқармасы Төрағасының ұсынуы бойынша Эмитент Басқармасының хатшысын сайлау;
- 13) өңірлердің әлеуметтік саласын дамыту бойынша әлеуметтік бағдарламаларды орындау туралы және қазақстандық кадрларды оқыту туралы және оларды жүзеге асыруға арналған қаражаттың мөлшерін анықтау;
- 14) Эмитенттің акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- 15) Эмитент қызметінің белгілі бір қызмет бағыттары бойынша Эмитент Басқармасының жанындағы, оларды құру туралы шешім қабылдау Эмитенттің өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған комитеттерді құру;
- 16) Эмитенттің салықтық есеп саясатын бекіту;
- 17) Оның құзыретіне жататын сұрақтар бойынша корпоративтік дауларды реттеуді жүзеге асыру;
- 18) Эмитент Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру, олардың орындалуы туралы ақпаратты сұратулар бойынша беру;
- 19) Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысты олардың даму стратегияларын, даму жоспарларын бекіту кезінде, олардың ағымдағы қызметін жүзеге асыру кезінде, қаржылық есептілігін құрастыру және оның аудиттеу кезінде, сонымен қатар Жарғының 111-тармағын ескерумен өзге де жоспарлық құжаттарды құрастыру бірыңғай қаржылық, инвестициялық және өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, есептік, салықтық саясатты, тәуекелдерді басқару облысындағы және өзге де саясаттарды құру;
- 20) Эмитенттің Директорлар кеңесінің бекітуіне Эмитенттің интеграцияландырылған жылдық есебін шығару, сонымен қатар алдын ала бекітуіне Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) шығару;
- 21) Эмитенттің дивидендтік саясатын Эмитенттің Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне шығару;
- 22) Эмитенттің корпоративтік есептік саясатын, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару;
- 23) Директорлар кеңесінің қарауына Жарғының 111-тармағының 44) – 45) тармақшаларында анықталған есептерді шығару;
- 24) тұрақты даму облысындағы құжаттарды бекіту (егер бұл осы тармақтың 1-тармақшасына енбесе);
- 25) Эмитенттің оларды жасауында мүдделілік бар келесі мәмілелерді жасасу:
 - а) «Самұрық-Қазына» АҚ-мен;
 - б) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елуден аса пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде Эмитентке тиесілі заңды тұлғалармен;
 - в) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елуден аса пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі заңды тұлғалармен, мемлекеттік бағдарламаларды және «Самұрық-Қазына» АҚ бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асырудың шеңберінде;
- 26) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Эмитенттің ішкі құжаттарымен қарастырылған, Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де сұрақтар.

3.2. ЭМИТЕНТТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ.

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитент Директорлар кеңесінің келесі құрамына ие:

Т.А.Ө. ЖӘНЕ ТУҒАН ЖЫЛЫ	ЛАУАЗЫМҒА ЕНГЕН КҮНІ	ЭМИТЕНТТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӨРБІР МҮШЕСІНІҢ СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОСА АТҚАРЫЛҒАН, ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТІППЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЛАУАЗЫМДАРЫ
Джон Дудас 24.12.1959ж.	28.11.2015	2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Тәуелсіз консультант, тау-кен компаниялары үшін коммерциялық консультант, 2015 – қазіргі уақытқа дейін. - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры, 2018 – қазіргі уақытқа дейін - Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ тәуелсіз директоры.
Нил Лонгфэллоу 20.11.1958ж.	30.06.2017	2015 – қазіргі уақытқа дейін – Басқарушы директор, INCL, Guinea Alumina Corporation S.A. Директорлар кеңесінің мүшесі
Расселл Бэнхам 15.01.1954ж.	14.08.2018	2014 – қазіргі уақытқа дейін – әртүрлі халықаралық компанияларда тәуелсіз директор
Сатқалиев Алмасадам Майданұлы 31.10.1970ж.	30.05.2019	2012-2018 - Басқарма Төрағасы, «Самұрық-Энерго» АҚ, 2018-2018 - «KAZENERGY» Мұғай-газ және Энергетикалық Кешен Ұйымдарының Қазақстандық Қауымдастығы» ЗТҰ Төрағасының Орынбасары, 2018 – қазіргі уақытқа дейін – Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, «Самұрық-Қазына» АҚ.
Құдайберген Қанат Жақыпұлы 03.06.1979ж.	14.08.2018	2015 – 2016 - «Қазатомөнеркәсіп», «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС, Бас директордың бірінші орынбасары, 2016 - 2018 - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Қаратау» ЖШС, Бас директор, 2018 – 2018 - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Уран өндіру» дивизионының басқарушы директоры, 2018 – қазіргі уақытқа дейін - «Тау-Кен Самұрық» МГК» АҚ, Басқарма Төрағасы.
Қарымсақов Бейбіт Еркімбауұлы 31.10.1962ж.	23.04.2018	2015-2018 - Басқарушы директор, «Астана-ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ, 2018- қазіргі уақытқа дейін – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, «Самұрық-Қазына» АҚ.
Пірматов Ғалымжан Олжайұлы 24.04.1972ж.	29.09.2017	2015-2017 – Басқарма Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2017- қазіргі уақытқа дейін - Басқарма Төрағасы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ.

2019 жылғы 28 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің Директорлар кеңесінің Төрағасы акциялардың жалпы санына 0,0000077% мөлшердегі Эмитенттің дауыс беретін акцияларына иелік етеді.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің басқа мүшелері Эмитенттің дауыс беретін акцияларына иелік етпейді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарында акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) иелік етпейді.

2018 жылы Эмитенттің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) жиынтығында 932,2 млн. теңге құрайтын (салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлегенге дейін) сыйақы есептелді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне зейнетақы бойынша сыйақы қамтамасыз ету үшін жинақ жүргізілмейді.

Резидент болып табылатын Басқарма мүшелеріне «ҚР зейнеткерлік қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнеткерлік жарналар есептелді және аударылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Эмитентті басқарудың жекелеген сұрақтарын белсенді түрде талқылау және нақтылап талдау үшін Директорлар кеңесінің жанында төрт комитет қызмет атқарады – Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті (бұдан әрі – Аудит комитеті), Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті (бұдан әрі – Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті), Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті (бұдан әрі – Тағайындаулар және сыйақылар комитеті) және Директорлар кеңесінің Экологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау комитеті (бұдан әрі – Экологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау комитеті). 102-18

Комитеттердің қызметі олар туралы тиісті ережелермен регламенттелген.

Комитеттер туралы ережелерге сәйкес, Аудит комитетінің мүшесі болып тек тәуелсіз директорлар ғана сайлана алады, басқа комитеттердің құрамында тәуелсіз директорлар көпшілікті құрауы тиіс.

Аудит комитеті.

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретінде құрылған және қаржылық бақылаудың, ішкі бақылаудың және Эмитенттің тәуекелдерді басқаруының тиімділігі бойынша ұсыныстар береді. Аудит комитеті сонымен қатар Эмитенттің корпоративтік басқарудың ішкі құжаттарының ережелерін ұстануын қадағалайды. Аудит комитеті Эмитент акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді және:

- Эмитенттің қаржылық және шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін құру (қаржылық есептіліктің толықтығын және шынайылығын қоса);
- Ішкі бақылаудың және тәуекелдерді басқарудың сенімділігін және тиімділігін мониторингін, сонымен қатар корпоративтік басқару құжаттарын рәсімдеу;
- Ішкі және сыртқы аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңын ұстану;
- Аудит комитеті туралы Ережеге сәйкес басқа сұрақтар бойынша ұсыныстар беру жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті.

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретінде құрылған және Эмитент қызметінің басымды бағыттарын құру, даму стратегиясын әзірлеу, инвестициялық қызмет және инновациялық стратегиясын анықтау бойынша ұсыныстар береді. Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті Эмитент акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді және:

- Эмитенттің стратегиясын әзірлеу, стратегияны іске асыруға бағытталған шаралардың тиімділігін бағалау, стратегия мақсаттарына қол жеткізуге арналған құралдар, Эмитенттің стратегиясын әзірлеумен байланысты Эмитенттің ішкі құжаттары, қысқамерзімдік және ұзақмерзімдік келешекте тиімділікті жоғарылатумен байланысты стратегиялық шешімдер, қосылу және жұтылу және қайта құру процедуралары бойынша стратегиялық шешімдер;
- Эмитенттің инвестициялық қызметін реттейтін ішкі құжаттар, Эмитенттің стратегиясы шеңберіндегі Эмитенттің инвестициялық жобалары, нарықтағы және заңнамадағы есепке алудың Эмитенттің дамуына ықпал етуі мүмкін өзгерістері, дамудың бас жоспарын бекіту;
- Эмитенттің инвестициялық және инновациялық бағдарламаларына оның барлық даму кезеңдерінде шолу және бағалау жүргізу бойынша ұсыныстар беру жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретінде құрылған және Эмитенттің кадрлық саясатының тиімділігін арттыру, Басқарманың және Директорлар кеңесімен тағайындалған басқа да қызметкерлерің қызметтерінің мақсаттары мен нәтижелерін бағалау бойынша ұсыныстар береді. Тағайындаулар және сыйақылар комитеті Эмитент акционерлерінің

мүддесінде әрекет етеді және:

- Эмитенттің Директорлар кеңесінің, Басқармасының құрамына, корпоративтік хатшы лауазымына білікті қызметкерлерді тарту және Директорлар кеңесімен бекітілген тізбеге сәйкес Директорлар кеңесі тағайындайтын немесе үйлестіретін басқа қызметкерлерді тарту;
- тәуелсіз директорларға, Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшыға Эмитенттің мақсаттары, міндеттері, ағымдағы жағдайына сәйкес және қызмет түрі мен ауқымы ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейіне сәйкес сыйақы анықтау сұрақтары бойынша Директорлар кеңесі үшін ұсыныстар құру;
- Эмитенттің кадрлық саясаты, Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелерін жылжыту тәртібі, Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хатшының қызметін бағалау қағидалары, Директорлар кеңесінің мүшелерінің біліктілігін жоғарылату және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа сұрақтар бойынша ұсыныстар беру жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсету үшін жұмыс істейді.

Экологиялық қауіпсіздік, денсаулық және еңбекті қорғау комитеті

Экологиялық қауіпсіздік, денсаулық және еңбекті қорғау комитеті Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретінде құрылған және өнеркәсіптік, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті басқару облысында, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты саясаттың іске асырылуын үйлестіру үшін Эмитенттің еншілес ұйымдарымен байланыстың тиімділігі, еңбек және экологиялық қауіпсіздікті қоса, тұрақты даму бағдарламаларын бекіту бойынша ұсыныстар береді.

Экологиялық қауіпсіздік, денсаулық және еңбекті қорғау комитеті Эмитент акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді және Эмитенттің еңбек, экологиялық қауіпсіздік және радиациялық қауіпсіздік облысында кешенді саясатты әзірлеу, тұрақты даму шеңберінде химиялық және радиациялық әсерді барынша азайтуға қоршаған ортаны және персоналды қорғауға, өндіріс қауіпсіздігін жоғарылатуға және иехнологиялық процестері автоматтанлыруға бағытталған радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар беру, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді алдын ала қарау жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсету үшін жұмыс істейді.

3.3. ЭМИТЕНТТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ (БАСҚАРМА)

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитент Басқарманың келесі құрамына ие:


БАСҚАРМА МҮШЕСІНІҢ Т.А.Ә. ЖӘНЕ ТУҒАН ЖЫЛЫ	АЛҚАЛЫ АТҚАРУ ОРГАНЫ МҮШЕСІНІҢ ӘРҚАЙСЫСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЭМИТЕНТТІҢ ЖЕКЕ-ДАРА АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАНЫҢ СОҒҒЫ ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА , СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОСА АТҚАРАТЫН ЛАУАЗЫМЫ, ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТІПТЕ, ҚЫЗМЕТ АЯСЫН КӨРСЕТУМЕН
Пірмагов Ғалымжан Олжайұлы, 1972 ж.	– Басқарма Төрағасы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2017ж. 31 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін; – ҚР Ұлттық Банкі басқармасының Орынбасары 09 желтоқсан 2015 - 29 тамыз 2017; – «Самесо Kazakhstan» ЖШС Президенті 01 ақпан 2011 - 08 желтоқсан 2015.
Құнанбаев Дәурен Әшірбекұлы, 1967 ж.	– «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өндіріс жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 26 маусым 2019 - қазіргі уақытқа дейін; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өндіріс жөніндегі бас директоры 04 маусым 2019 - 26 маусым 2019; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Уран өндіру» дивизионының басқарушы директоры 18 шілде 2018 - 03 маусым 2019; – «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС Бас директоры 28 тамыз 2015 - 17 шілде 2018;

<p align="center">Ыбыраев Бауыржан Мұхтарханұлы, 1958 ж.</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЯОЦ (ядролық отын циклі) және атом энергетикасы жөніндегі бас директоры 24 қаңтар 2018 - қазіргі уақытқа дейін; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өндіріс жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 28 маусымнан 2017 - 23 қаңтар 2018; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өндіріс және ядролық отын циклі жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 28 тамыз 2015 - 28 маусым 2017; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Бас директоры 23 ақпан 2011 - 27 тамыз 2015.
<p align="center">Юсупов Мейіржан Бақытұлы, 1979 ж.</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 17 қараша 2015 - қазіргі уақытқа дейін; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазынашылық басқармасының басшысы, Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаментінің директоры, 10 қыркүйек 2010 - 16 қараша 2015;
<p align="center">Riaz El Hasan Sayed Rizvi (Риаз Эль Хасан Сайед Ризви), 1972 ж.</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Стратегия және маркетинг жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 10 наурыз 2017 - қазіргі уақытқа дейін; – CEO, NuCar Limited негізін қалаушылардың бірі 01 шілде 2009 - 09 наурыз 2017;
<p align="center">Дүйсембеков Біржан Жетпісбайұлы, 1971 ж.</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Бизнесті қамтамасыз ету жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 04 қаңтар 2018 - қазіргі уақытқа дейін; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі 02 қазан 2017 - 03 қаңтар 2018; – «Intelligent Consulting Solutions» ЖШС директоры 07 сәуір 2016 - 09 қаңтар 2017.
<p align="center">Бекмұратов Бексұлтан Маханбетханұлы, 1986 ж.</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Трансформация және ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі 26 маусым 2019 - қазіргі уақытқа дейін; – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Трансформация және ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры 01 ақпан 2018 - 26 маусым 2019; – «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация жобаларының қоржынын басқару жөніндегі директоры 01 қазан 2017 - 31 қаңтар 2018; – «Самұрық-Қазына» АҚ ПМО менеджері 01 мамыр 2014 - 30 қыркүйек 2017.

Эмитенттің Атқарушы органының мүшелері «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дауыс беретін акцияларына иелік етпейді.

3.4. ЭМИТЕНТТИҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитенттің ұйымдастырушылық құрылымы



2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитент тобының филиалдар мен өкілдіктерді қоса алғандағы жұмыскерлерінің жалпы саны 20 645 адам құрайды.

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитенттің негізгі бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер

№	БӨЛІМШЕ АТАУЫ	Т.А.Ө.
1	Құқықтық мәселелер департаменті	Пирматов Анвар Эшмуратұлы
2	Сатуды сүйемелдеу департаменті	Қасабеков Гани Серикбаевич
3	Аам ресурстарын басқару департаменті	Қожахметова Ләззат Тұрсынқызы
4	Табиғи уранды және ядролық материалдарды еспке алу және бақылау басқармасы	Боковая Наталья Николаевна
5	Техникалық реттеу және метрология басқармасы	Ющенко Евгений Викторович
6	АТ қолдау департаменті	Цой Дмитрий Александрович
7	Өндірістік қауіпсіздік департаменті	Искаков Манас Мырзашұлы
8	Әкімшілік департаменті	Дөненов Асхат Мұқанұлы
9	Омбудсмен қызметі	Жылқышиев Болат Әбжапарұлы
10	Бақылау-ревизия басқармасы	Казешев Елнар Алғабасұлы
11	Экономика және жоспарлау департаменті	Тулбаев Марат Дулатұлы
12	ЯОЦ жобалары департаменті	Сарымсақов Досболат Аманбекұлы
13	Экономикалық талдау департаменті	Демешев Айдос Кеңесбекұлы
14	Мемлекеттік органдармен жұмыс департаменті	Оспанов Жарқынбек Қожанұлы
15	Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті	Қалиева Зурахан Ғаниқызы
16	Сатып алу департаменті	Мұқанов Ермақан Қазыбекұлы
17	Стратегиялық даму департаменті	Лим Сергей Вячеславович
18	Қорлар басқармасы	Қасымов Әнуар Асқарұлы
19	Корпоративтік қаржы департаменті	Жүнісова Әсемгүл Серікбайқызы
20	Корпоративтік хатшы қызметі	Тынымбергенова Майра Қайратқызы
21	Тау-кен департаменті	Ақжолова Әлия Хайдарқызы
22	Корпоративтік басқару департаменті	Иманқұлов Самат Тағыбергеноұлы
23	Ішкі аудит қызметі	Қорғанбаева Мәдина Тұрғамбекқызы
24	Сату департаменті	Толқымбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы
25	Қауіпсіздік департаменті	Әлжанов Бекжан Тарасұлы

№	БӨЛІМШЕ АТАУЫ	Т.А.Ә.
26	Басқарма хатшылығы	Ким Ольга Владимировна
27	Маркетинг департаменті	Ысқақ Оразбек Төлендіұлы
28	Әлеуметтік даму басқармасы	Иманғалиев Бақыт Сайынұлы
29	Бизнесті трансформациялау департаменті	Қоңырбаев Баян Қайратұлы
30	Тәуекел менеджменті департаменті	Бралин Сағадат Серікұлы
31	Инвесторлармен жұмыс департаменті	Кос Кори Джон – Пол
32	Комплаенс қызметі	Сарбасов Самат Мұратұлы
33	Қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті	Мұқаева Торғын Шамсудинқызы
34	Бизнесті дамыту және инвестициялар департаменті	Ержанов Талғат Бащытұлы
35	Өндірістік департаменті	Садырбаев Жандос Айтқазыұлы
36	БК қатысу үлестерін басқару	Ниязов Әзиз Назымұлы
37	Тұрақты даму басқармасы	Әбенев Нұржан Серғалиұлы
38	Қазынашылық басқармасы	Ақан Айдын Мұхитұлы
39	Цифрландыру және АТ-сәулет департаменті	Сексенбаева Венера Үмбетқызы
40	Ғылымды үйлестіру, СМ және СЖМ басқармасы	Өмірғали Арманбек Қасымұлы
41	Атом энергетикасы жобаларының департаменті	-

3.5. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ.

3.5.1. Эмитенттің акционерлері

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша Эмитенттің ірі акционері Эмитент акцияларының 85,08%-ы оған тиесілі «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

АКЦИОНЕРДІҢ АТАУЫ	ЗАҢДЫ/НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ (ТҰРҒАН ЖЕРІ)	ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРГЕ ТИЕСІЛІ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ САНЫ
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Е-10 к-сі, 17/10 үй, 010000	220 661 900 дана

«Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Эмитенттің 38,694,708 жай акциясы (14,92%) еркін айналыста, олардың иелері жеке және заңды тұлғалар. Бұл ретте Эмитенттің орналастырылған акцияларының жалпы санының бес және одан көп пайызын құрайтын сандағы акциялар тиесілі акционерлер жоқ.

3.5.2. Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы ақпарат осы Инвестициялық Меморандумға №2 қосымшада берілген.

3.5.3. Эмитенттің Орналастырылған Акцияларының (Төленген Жарғылық Капиталының) Жалпы Санының Бес Және Одан Көп Пайызын Құрайтын Акцияларға (Төленген Жарғылық Капиталдағы Үлестерге) Иелік Ететін Акционерлерінің (Қатсушыларының) Ауысуына Әкелген Барлық Мәмілелер Немесе Мәмілелер Сериясы Туралы Ақпарат

2018 жылғы 13 қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ Эмитенттің акционерлік капиталының 15%-ын құрайтын жаһандық депозитарлық қолхаттарды (ЖДҚ) қоса, 38,903,491 акцияны Лондон қор биржасында (LSE) және «Астана» халықаралық қор биржасында (AIX) қос листинг түрінде ұсынды. Әрбір ЖДҚ бір акцияны білдіреді. Ұсыныс бағасы тиісінше ЖДҚ үшін 11,60 АҚШ доллары және жай акция үшін 4 322,74 теңге құрады. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитент акцияларының 85,08% «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі және 14,92%-ы еркін айналысқа жіберілген.

3.6. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ТӨЛЕНГЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ) ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ БЕС ЖӘНЕ ОДАН КӨП ПАЙЫЗЫН ҚҰРАЙТЫН САНЫНА (МӨЛШЕРІНЕ) ЭМИТЕНТ ИЕЛІК ЕТЕТІН ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің бес және одан көп пайызына Эмитент иелік ететін ұйымдар туралы 2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша мәліметтер осы Инвестициялық Меморандумға №3 қосымшада келтірілген.

ЭМИТЕНТ ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Эмитент тобының еншілес ұйымдары, бірлескен және қауымдастырылған ұйымдары туралы мәліметтер 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берілген. Әрқайсысында Эмитенттің 100 % акциялары бар «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ мен «Волковгеология» АҚ қоспағанда, Эмитенттің бұл компаниялардағы иелік ету үлесі Эмитенттің дауыс беретін құқықтарына тең.

ТӘСІЛДЕМЕ	АТАУЫ	ҮЛЕСІ (%)	
УРАН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ			
Еншілес ұйымдар	«Орталық» ЕК» ЖШС	100.00%	
	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС ⁽¹⁾	100.00%	
	«РУ-6» ЖШС ⁽¹⁾	100.00%	
	«Аппақ» ЖШС	65.00%	
	«Инкай» БК» ЖШС ⁽²⁾	60.00%	
	«Байкен-У» ЖШС ^{(4) (5)}	52.50%	
	«Хорасан-У» БК» ЖШС ⁽⁴⁾	50.00%	
Бірлескен кәсіпорындар	«СП «Буденовское» БК» ЖШС	51.00%	
	«Семізбай-У» ЖШС	51.00%	
Бірлескен операциялар	«Ақбастау» БК» АҚ ⁽³⁾	50.00%	
	«Қаратау» ЖШС ⁽³⁾	50.00%	
	Energy Asia (BVI) Limited ^{(4) (5)}	40.05%	50.0%
	Power System International Limited (100%) ⁽⁵⁾	9.95%	
Қауымдастырылған ұйымдар	«КАТКО» БК» ЖШС	49.00%	
	«Оңтүстік тау-кен химия компаниясы» БК» ЖШС	30.00%	
	«Заречное» БК» АҚ	49.98%	
	«Қызылқұм» ЖШС ⁽⁵⁾	50.00%	
	«Жаңақорған-Транзит» ЖШС ⁽⁶⁾	60.00%	
Ядролық отын циклі және Металлургия			
Еншілес ұйымдар	«Үлбі металлургия зауыты» АҚ	90.18%	
	ULBA-CHINA Co Ltd ⁽⁶⁾	100.00%	
	«Машзавод» ЖШС ⁽⁶⁾	100.00%	
	«Үлбі-ЖБҚ» ⁽⁶⁾	51.00%	
Ядролық отын циклі			
Бірлескен кәсіпорындар	«Уран байыту орталығы» ЖАҚ	50.00%	
	«Орал электрохимия комбинаты» АҚ ⁽⁶⁾	25.00%	
	УКР ТВС БК ЖАҚ	33.33%	
Инвестициялар	«Халықаралық уран байыту орталығы» АҚ	10.00%	
Көмекші қызмет			
Еншілес ұйымдар	«Жоғары технологиялар институты» ЖШС	100.00%	
	KazakAtom TN AG	100.00%	
	«KAP-Technology» ЖШС	100.00%	
	«Сауда-көлік компаниясы» ЖШС	99.99%	
	«Волковгеология» АҚ	90.00%	
	«Русбурмаш-Қазақстан» ЖШС ⁽⁶⁾	49.00%	
	«Қорған-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	100.00%	
Бірлескен кәсіпорындар	«СКЗ-У» ЖШС	49.00%	
	«Уранэнерго» ЖШС	79.45%	
	«Шиелі-Энергосервис» ЖШС ⁽⁶⁾	99.17%	
	«Таукент-Энергосервис» ЖШС ⁽⁶⁾	99.95%	
	«Уранэнерго-Пул» ЖШС ⁽⁶⁾	100.00%	
Қауымдастырылған ұйымдар	«СКЗ-Қазатомөнеркәсіп» БК ЖШС	9.89%	

1. Эмитент Қанжуған, Оңтүстік Мойынқұм, Шығыс Мойынқұм және Уванас кен орындарына жататын жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-нің тиісті өндірістік активтерімен бірге, сонымен қатар Оңтүстік және Солтүстік Қарамұрын кен орындарына жататын жататын жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша құқықтары мен міндеттемелерін 2018 жылғы қарашада «RU-6» ЖШС-на табыстады.

2. Эмитент «Инкай» БК» ЖШС-дағы өзінің қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтты және тиісінше 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап өзінің қаржылық есептілігінде оны толығымен шоғырландыра бастады.

3. «Ақбастау» БК және «Қаратау» ЖШС 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бірлескен операциялар ретінде жіктелді.

4. 2018 жылғы 13 желтоқсана Эмитент 40.05% EAL акцияларын және «Хорасан-У» БК» ЖШС 16.02% жарғылық капиталын Energy Asia Holdings (BVI) Limited компаниясынан сатып алуды аяқтады.

Бұл мәмілелердің нәтижесінде Эмитент «Байкен-У» ЖШС-дағы өзінің қатысу үлесін 5% дан 52.5% дейін арттырды (5%, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У «БК» ЖШС-дағы иелену үлесі тиісінше 52,5%, 50% және 50% құрады

Бұл мәмілелердің нәтижесінде Эмитент «Байкен-У» ЖШС-дағы өзінің иелену үлесін 5% дан 52.5% дейін (5% тікелей иелік ету, Energy Asia (BVI) Limited арқылы жанама иелік ету 47.5%), «Қызылқұм» ЖШС-дағы өз иелену үлесін 30%дан 50%ға дейін (тікелей иелік ету – 30%, Energy Asia (BVI) Limited арқылы жанама иелік ету - 20%) және «Хорасан-У «БК» ЖШС-дағы иелену үлесін 33.98%дан 50%ға дейін арттырды (тікелей иелену).

5. Эмитентке Power System International Limited (PSIL) компаниясында 100% (тікелей иелену) және Energy Asia (BVI) Limited компаниясында 40.05% (тікелей иелену) тиесілі. PSIL компаниясына Energy Asia (BVI) Limited компаниясында 9.95% (тікелей иелену) тиесілі. Energy Asia (BVI) Limited «Қызылқұм» ЖШС-ында 40% (тікелей иелену) және «Байкен-У» ЖШС-ында 95% (тікелей иелену) иелік етеді.

6. Бұл компаниялар – Эмитент үшін жоғарыдағы кестеде көрсетілген еншілес, БК және қауымдастырылған кәсіпорындардың үлестері арқылы 3-ші деңгей жанама кәсіпорындары. Тиісті қатысу үлестері Эмитентке емес, 2-ші деңгей компанияларына тиесілі.

Шоғырлану

Эмитенттің және оның шоғырландырылған еншілес кәсіпорындарының қызметінен басқа, Эмитент тобы бірқатар бірлескен және қауымдастырылған ұйымдарға сенім артады.

- *Еншілес ұйымдар* – Эмитент тобы келесілердің арқасында бақылайтын ұйымдар: 1) ұйымдардың кірістеріне елеулі ықпал ететін олардың елеулі қызметін басқару өкілеттіктерінің, 2) осы ұйымдарға қатысудан ауыспалы кірістермен байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе осы ұйымдардың кірістері алуға құқығы бар, және 3) осы ұйымдарға қатысты өзінің өкілеттіктерін Эмитент тобының кірістерінің шамасына ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі бар. Эмитент тобының басқа ұйымға қатысты өкілеттіктерінің бар-жоқтығын бағалаған кезде нақты құқықтарды, нақты ықтимал дауыс беру құқығын қоса, бар болуын және ықпалын қарау қажет.
- *Бірлескен кәсіпорындар* – Эмитент тобының және басқа тараптардың бірлескен бақылауындағы ұйымдар, мұндай ұйымдардың тиісті салалары бойынша шешімдер қабылдау бірлескен бақылауды жүзеге асыратын барлық тараптардың ортақ келісімін талап етеді. Эмитент тобының бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлестері үлестік қатысу әдісімен есепке алынады.
- *Бірлескен операциялар* – Эмитент тобы оларға қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын және өзінің оларға қатысу үлесіне пропорционал түрде олардың активтеріне, сонымен қатар кірістеріне құқықтары бар және олардың шығыстарына қатысты міндеттемелері бар, сол сияқты қаржылық міндеттемелері бар ұйымдар. Эмитент тобының бірлескен операциялары, атап айтқанда «Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап пропорционалды түрде шоғырландырылады.
- *Қауымдастырылған ұйымдар* – Эмитент тобы оларға тікелей немесе жанама түрде елеулі ықпал ететін ұйымдар, бірақ жеке-дара немес ырлескен бақылау емес, бұл қатысу үлестерін 20 және 50% дауыс беруші құқықтардың арасында бөлуге тән Инвестиция группы Эмитенттобының қауымдастырылған компанияларға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдаланумен есепке алынады.
- *Өзге инвестициялар* – Эмитент тобы кемінде 20% дауысқа ие ұйымдар. Акционерлік капиталға инвестициялар әділ құны бойынша басқа инвестициялар ретінде Эмитенттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ХҚЕС сәйкес көрсетіледі.

Келесі активтер өткізілу сатына болып табылады және қайта құрылымдарға жатады:

ТӘСІЛДЕМЕ	АТАУЫ	ҮЛЕСІ (%)
ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ АЛЬТЕРНАТИВТІК ЭНЕРГЕТИКА		
Еншілес кәсіпорындар	«Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС ⁽⁷⁾	100.00%
	«МК KazSilicon» ЖШС ⁽⁷⁾	100.00%
	«Astana Solar» ЖШС ⁽⁷⁾	100.00%
	«Уранэнерго-Пул» ЖШС ^{(6) (9)}	100.00%
ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТ		
Қауымдастырылған кәсіпорындар	«Каустик» АҚ ⁽⁸⁾	40.00%

7. 2019 жылғы 17 мамырда Эмитенттің «Astana Solar» ЖШС, ТОО «МК «KazSilicon» ЖШС және «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС жарғылық капиталына 75% қатысу үлесімен сатып алу-сату шарты жасасылды. Қазіргі уақытта инвестормен осы активтерді өткізу бойынша жекелеген қосымша шарттар талқыланды. Эмитент тобы бұл кәсіпорындарды 2019 жылдың аяғына дейін өткізудің жоғары ықтималдылығы бар деп санайды.

8. Эмитент «Каустик» АҚ-дағы өзінің акциялар топтамасын сатуға ниетті – 20 жылдың аяғына дейін.

9. «Уранэнерго-Пул» ЖШС - «Уранэнерго» ЖШС-дағы үлестері арқылы Эмитенттің 3-ші деңгей кәсіпорны. 2019 жылғы маусымда Общее собрание участников «Уранэнерго» ЖШС Акционерлерінің жалпы жиналысы «Уранэнерго-Пул» ЖШС-ін сатуды мақұлдады. Кәсіпорынды 2019 жылдың аяғына дейін өткізу жоспарланып отыр.

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің негізгі қызметтен алынған шоғырландырылған кірісі (табыс) 176 555 млн.теңге құрайды, оның негізгі үлесі Эмитенттің қызметіне келеді. Орналастырылған (төленген) акцияларының жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайтын акциялар (қатысу үлестері) санына Эмитент ие болып табылатын, Эмитенттің негізгі қызметтен алынған шоғырландырылған кірісінде (табыс) олардың үлесіне 20% және одан көп келетін еншілес ұйымдар жоқ.

ЭМИТЕНТ ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕР

2018 жылы Эмитент тобының құрылымына елеулі әсер еткен мәмілелер аяқталды:

- Эмитенттің «Инкай» БК» ЖШС-дағы үлесі 40% дан 60%ға дейін өсті.
- Uranium One Inc. Компаниясымен по Эмитенттің және Uranium One Inc компаниясының «Ақбастау» БК» АҚ және «Қаратау» ЖШС барлық өнімдерін тең шарттармен сатып алуы, сонымен қатар бірлескен қызмет үшін қатысу үлестеріне пропорционал түрде қаржыландыру ұсыну міндеттемесі бекітілген бірқатар келісімдерге қол қойылды. Эмитент өзінің ТОО «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ағы қатысу үлесін өзінің жалғыз акционері- «Самұрық-Қазына» АҚ-на өткізді.
- Эмитент «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ-дағы өз акцияларының топтамасын өзінің жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ-на өткізді.
- Эмитент «Қызылту» ЖШС жарғылық капиталындағы 76%-дық қатысу үлесін екінші қатысушы – «Степногорск тау-кен химия комбинаты» ЖШС-на (СТХК) өткізді.
- Эмитент сирекжер металдардың аздаған көлемдерін шығарумен айналысатын компания «SARECO» ЖШС-дағы өзінің қатысу үлесін «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниясы - «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ пайдасына табыстады;
- 2019 жылы Эмитент «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «МК «KazSilicon» ЖШС, сонымен қатар «Шиелі-Энергосервис» ЖШС, «Таукент – Энергосервис» ЖШС, «Уранэнерго-Пул» ЖШС-дағы қатысу үлесін өткізуді жоспарлап отыр.
- 2020 жылы Эмитент «Каустик» АӨ-дағы өзінің акциялар топтамасын өткізуді жоспарлап отыр.
- 2019 жылғы 1-ші жартыжылдықта:
- «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы Топтың иелік ету үлесі тиісінше 52.5%, 50% және 50% дейін ұлғайды. Мәміле аяқталғанға дейін иелік ету үлестері тиісінше 14.45%, 33.98% және 33.98% құрады.
- 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байқау кеңесінде көпшілік дауыс пен өкілдік алу жолымен «Байкен-У» ЖШС-ына бақылау алды.
- 2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша Топ «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-дағы елеулі ықпалын сақтап қалды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Хорасан-У» БК» ЖШС-ына бақылау компанияның құрылтайшылық құжаттарындағы Топтың көпшілік дауысқа иелік етуіне мүмкіндік беретін өзгерістерді акционерлердің мақұлдауы алынғанға дейін алынған жоқ деп қорытындылады.

- 2019 жылғы ақпанда «Хорасан-У» БК» ЖШС қатысушылары құрылтайшылық құжаттардағы Топқа байқау кеңесінде көпшілік дауыс берген өзгерістерді бекітті. Топ «Хорасан-У» БК» ЖШС-ына осы күннен бастап бақылау алды.

Жалпы, еншілес, қауымдастырылған және білесіп бақыланатын кәсіпорындардың саны 44-тен (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 43-ке дейін азайды (2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша).

3.7. ЭМИТЕНТ ҚАТЫСАТЫН ӨНЕРКӘСІПТІК, БАНК, ҚАРЖЫЛЫҚ ТОПТАР, ӨЛДИЕНГТЕР, КОНЦЕРНДЕР, ҚАУЫМДАСТЫҚТАР, ЭМИТЕНТТІҢ БҰЛ ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСУЫНЫҢ МАҚСАТЫ.

Эмитент «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының мүшесі болып табылады.

Эмитент – бірқатар ядролық энергетика кәсіби ұйымдаының белсенді қатысушысы:

- World Nuclear Association (WNA);
- World Nuclear Fuel Cycle (WNFC);
- World Nuclear Fuel Market (WNFM);
- World Nuclear Transport Institute (WNTI);
- Nuclear Energy Institute (NEI)
- «Қазақстанның ядролық қоғасы» қауымдастығы;
- Tantalum Niobium International Study Center;
- «Қазақстанның салық төлеушілері» қауымдастығы.

Эмитент өнеркәсіптік ұйымның мүшесі болып табылады:

- «Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындарының қауымдастығы» заңды тұлғалар ұйымы (ТМКҚ);
- Организация юридических лиц «Ассоциации горнодобывающих и горно-металлургических предприятий» (АГМП);
- «KAZENERGY» заңды тұлғалар ұйымы.

Эмитент банк, қаржы топтарына, концерндер мен консорциумдарға қатыспайды.

Эмитент атом энергиясын бейбіт пайдалану облысындағы Қазақстан Республикасы қосылған негізгі келісімдерді ұстанады.

Атом энергиясын бейбіт пайдалану облысындағы Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық келісімдер

ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ	ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ЖЕР МЕН КҮНІ	КҮШІНЕ ЕНУІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
АЭХА артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісім	Вена, 1 шілде 1959 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 1997 жылғы 30 қазандағы N 178 –I Заңы
Ядролық материалды және ядролық қондырғыларды физикалық қорғау туралы конвенция	Вена, Нью-Йорк 3 наурыз 1980 жыл	«Қосылу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 17 Заңы «Конвенцияға түзетуге қосылу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 наурыздағы № 416-IV Заңы
Ядролық апат туралы жедел құлақтандыру конвенциясы	Вена, 26 қыркүйек 1986 жыл	2010 жылғы 3 ақпандағы № 243-IV «Ратификациялау туралы» Заңы. 2010 жылғы 09 сәірде күшіне енген
Ядролық авария жағдайындағы немесе радиациялық апатты оқиға болған жағдайдағы көмек туралы конвенция	Вена, 26 қыркүйек 1986 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2010 жылғы 3 ақпандағы № 244-IV Заңы 2010 жылғы 09 сәірде күшіне енген
Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім (ТМД мүшелері мемлекеттер)	Минск, 26 маусым 1992 жыл	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді
Ядролық қаруды таратпау туралы шарт (ЯҚТШ) (Вашингтон, Лондон, Мәскеу, 1 шілде 1968 жыл) Женева қ., 1 шілде 1968 жыл	13 желтоқсан 1993 жыл	«Қосылу туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 желтоқсандағы № 2593-XII Қаулысы. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді
Ядролық қауіпсіздік туралы конвенция	Вена, 17 маусым 1994 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2010 жылғы 3 ақпандағы № 245-IV Заңы. 2010 жылғы 08 маусымда күшіне енген
Қазақстан Республикасының Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуына байланысты қауіпсіздік кепілдігі туралы меморандум	5 желтоқсан 1994 жыл	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді
Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға байланысты кепілдерді қолдану туралы ҚР мен АЭХА арасындағы келісім	Алматы, 19 маусым 1995 жыл	ҚР Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2344 Жарлығы
Ядролық сынақтарды жаппай тыйым салу туралы шарт	Нью-Йорк, 30 қыркүйек 1996 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2001 жылғы 14 желтоқсандағы № 270-IV Заңы
Пайдаланылған отынмен жұмыс істеу қауіпсіздігі туралы және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу қауіпсіздігі туралы біріккен конвенция	Вена, 5 қыркүйек 1997 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2010 жылғы 3 ақпандағы № 246-IV Заңы. 2010 жылғы 08 маусымда күшіне енген
Ядролық лаңкестік актілерімен күрес туралы халықаралық конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясы 13 сәуір 2005 жыл)	Нью-Йорк, 14 қыркүйек 2005 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2008 жылғы 14 мамырдағы № 33-IV Заңы
Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шарт	Семей 8 қыркүйек 2006 жыл	ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі № 176 Жарлығымен мақұлданған «Ратификациялау туралы» ҚР 2009 жылғы 5 қаңтардағы № 120-ІҮ Заңы
Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға байланысты кепілдерді қолдану туралы ҚР мен АЭХА арасындағы келісіммен байланысты Кепілдерді пайдалану туралы келісімге Қосымша хаттама	2007 жыл	2007 жылғы 19 ақпандағы № 229 ҚР Заңы
Ядролық залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1997 жылғы Вена конвенциясы о гражданской ответственности за ядерный (1997 жылғы 12 қыркүйектегі хаттамамен енгізілген түзетулермен 1963 жылғы 21 мамырдағы Ядролық залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы Вена конвенциясының жиынтық мәтін)	Ақпан 2011 жыл	«Ратификациялау туралы» ҚР 2011 жылғы 10 ақпандағы № 405-IV Заңы 2011 жылғы 29 маусымда күшіне енген

4. ЭМИТЕНТТИҢ БАНКТЕРІ, КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ЖӘНЕ АУДИТОРЛАРЫ

4.1. СОҒЫ ҮШ ЖЫЛ БОЙЫ ЭМИТЕНТКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН БАНКТЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БАСҚА ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР, ОЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ АТАУЛАРЫ, ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫН (ТҰРҒАН ЖЕРЛЕРІН), БІРІНШІ БАСШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ, ЭМИТЕНТКЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН, СОНЫМЕН ҚАТАР ЭМИТЕНТ ОСЫ ҰЙЫМДАРМЕН ЖАСАҒАН ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРТТЫ ҚОСА.

Эмитентке қызмет көрсететін банктер, 2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша

БАНКТИҢ/ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНЫҢ АТАУЫ	БАНК/ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР
Halyk Bank	<p>Заңды және нақты мекенжайы (тұрған жері): Алматы қ., Абай д-лы, 109В</p> <p>Қызмет түрі: Банк қызметі</p> <p>Бірінші басшысы: Үміт Шаяхметова</p> <p>Эмитентке көрсетілетін қызмет түрлері: РКО, салымдар, валюталық бақылау, валюта конвертациялау, еңбекақы жобасы</p> <p>Эмитент осы ұйыммен жүргізген ірі мәмілелер: жоқ</p>
Forte Bank	<p>Заңды және нақты мекенжайы(тұрған жері): Астана қ., Достық к., 8А</p> <p>Қызмет түрі: Банк қызметі</p> <p>Бірінші басшысы: Гурам Андроникашвили</p> <p>Эмитентке көрсетілетін қызмет түрлері: РКО, салымдар, валюталық бақылау, еңбекақы жобасы</p> <p>Эмитент осы ұйыммен жүргізген ірі мәмілелер: жоқ</p>
Altyn Bank	<p>Заңды және нақты мекенжайы(тұрған жері): Алматы қ., Абай д-лы, 109В</p> <p>Қызмет түрі: Банк қызметі</p> <p>Бірінші басшысы: Марат Әлменов</p> <p>Эмитентке көрсетілетін қызмет түрлері: РКО, салымдар, валюталық бақылау, еңбекақы жобасы</p> <p>Эмитент осы ұйыммен жүргізген ірі мәмілелер: жоқ</p>
Citibank Kazakhstan	<p>Заңды және нақты мекенжайы(тұрған жері): Алматы қ., Қазыбек би к., 41А</p> <p>Қызмет түрі: Банк қызметі</p> <p>Бірінші басшысы: Андрей Курилин</p> <p>Эмитентке көрсетілетін қызмет түрлері: РКО, салымдар, валюталық бақылау, валюта конвертациялау, кредитование, кастодиальные услуги</p> <p>Эмитент осы ұйыммен жүргізген ірі мәмілелер: жоқ</p>

4.2. ЭМИТЕНТТИҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫН ТІРКЕУ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОСЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ ПРОЦЕДУРАЛАРЫНАН ӨТУ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ОНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Эмитенттің қаржы консультанттары

ҚАРЖЫ КОНСУЛЬТАНТЫ / АНДЕРРАЙТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Атауы: «Nalyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» АҚ Эмитентке көрсетілетін қызмет түрі: финансовое консультирование и андеррайтинг Тұрған жері және байланыс деректері: Алматы қ., Абай д-лы, 109 «В», «Глобус» БО, 5 қабат Бірінші басшысы: Аюпов Талғат Жолдасбекұлы
---	---

2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша заң консультанттары жоқ.

4.3. СОҒҒЫ ҮШ ЖЫЛ БАРЫСЫНДА НЕМЕСЕ ОНЫҢ НАҚТЫ БОЛУ КЕЗЕҢІ БОЙЫ ЭМИТЕНТТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ АУДИТІН НЕМЕСЕ ОНЫҢ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ШОЛУ ЖҮРГІЗГЕН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ҮШ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЭМИТЕНТТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ АУДИТІН ЖҮРГІЗЕТІН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Соңғы үш жыл барысында эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізген аудиторлық ұйым

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ	ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ (ТҰРҒАН ЖЕРЛЕРІ) ЖӘНЕ БІРІНШІ БАСШЫСЫ	АЛҚАЛАРҒА ҚАТЫСУЫ
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС	өл-Фараби д-лы, 34, А ғимараты, 4-қабат, А25D5F6, Алматы қ, Қазақстан Республикасы Дана Инкарбекова, Басқарушы директор	«Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйым

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС Эмитенттің 2017, 2018, 2019 жылдардағы қаржылық есептілігін аудиттеу үшін аудиторлық қызметтерді сатып алу туралы шарт негізінде қызметтер көрсетеді. 2019 жылғы 01 тамызға Эмитенттің 2020, 2021, 2022 жылдардағы қаржылық есептілігін аудиттеу үшін аудиторлық ұйымды таңдау процедурасы аяқталмаған.

5. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ

5.1. ЭМИТЕНТ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН САЛАДАҒЫ ЖАЛПЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЭМИТЕНТ ҮШІН АНАҒҰРЛЫМ МАҢЫЗДЫ ҮРДІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАЛУЫ

Саланың жалпы үрдістері


2011 жылдан бастап әлемдік уран нарығында Жапонияда реакторлардың тоқтатылуымен және бірқатар елдердің ядролық энергетикадан бас тартуымен байланысты материалдық шектен тыс артуы байқалады. Уран бағасы төмендей бастады, еген 2011 жылы уран фунтының бағасы 70\$ маңында болса, 2016 жылдың аяғында фунты үшін 20\$ төмен төмендеді. Бағаның ұзаққа созылған құлдырауына байланысты, нарықта уранның шектен тыс артуы себепті кейбір уран өндірушілер, соның ішінде Эмитент те, өндіріті қысқарту туралы шешім қабылады.

2017 жылдың басынан бастап баға өсе бастады және 20\$-26\$ аралығында жылжып отырды. 2018 жылы уран өнімдері нарығына сұраныс тарапынан әртүрлі бағытталған факторлар әрекет етті. Атап айтқанда, тұтынушылардың көңіл-күйлеріне АҚШ саудасаттықты кеңейті туралы заңының 232-тарауына сәйкес жалғасқан, нәтижесі америка атом элктр станцияларының операторлаының импортталатын уранға қолжетімділігінің нашарлауы ыолуы мүмкін іс тексерумен байланысты белгісіздік әсер етті. Қосымша генерирлеуші қуаттылықтарды енгізу перспективаларына клетін болсақ, жыл ішінде сұранысқа, бір жағынан, БАЭ-дағы атом реакторын салудың кітіртілуі мен жапондық реакторларды қайтадан іске қосудың баяу қарқыны және, екінші жағынан, Францияда атом энергетикасының үлесін қысқарту бойынша жоспарлардың мерзімінің кейіндетілуі мен халықтың Тайвань мен Оңтүстік Кореяда ядролық энергетикадан ба тарту ықтималдылығы бойынша жоспарларға қатысты оппозициялық көңіл-күйі әсер етті. Ұсыныс тарапынан Эмитентті қоса, аса ірі өндірушілер тарапынан жеткізілімдер мен өндірісті кеңейтуге инвестициялардың қысқартылуы маңызды факторға айналды. Сонымен қатар екіншілікті көздерден ұсыныстар да қысқарды.

Нәтижесінде, нарықтағы ұзақмерзімді кезеңдегі шектен тыс көп ұсыныстан кейін 2018 жылы балансқа қол жеткізу жағына қарай қозғалыс немесе тіпті аздаған тапшылық орын алды. Мұның салдары ретінде, споттық нарықта 2018 ж. ішінде сауда-саттықтың жоғары көлемі жағдайында U3O8 (уранның шала тотығы-тотығы) фунты үшін бағаның 24 АҚШ долларынан 29 АҚШ долларына шамалас бағаға дейін өсуі байқалды. 29 АҚШ доллары үш жылдық максимумға қол жеткізгеннен кейін 2019 жылғы қаңтардың аяғында споттық баға біртіндеп әлсірей бастады. Дегенмен, жалпы алғанда, жылдың басында нарықтық белсенділіктің қысқаруын (жылдық белсенділіктің тарихи таралуынан шыға отырып), АҚШ сауда министрлігінің іс тексеруі нәтижесінде туындаған белгісіздік бағаның төмендеуін тереңдете түсті. Бұдан басқа, байқалып отырған споттық бағаның төмендеуі үрдісі кейбір трейдерлерді 2018 ыжлығы бағаның өсуінің басында анағұрым төмен бағаға сатылып алынған материалды, пайданы бекітуге ұмтыла отырып сатуға мәжбүр етті, бұнымен споттық бағаға қосымша қысым көрсетті. Қорытындысында баға 2019 жылғы шілдеде 24 АҚШ долларына дейін төмендеді. Алайда 2019 жылғы 12 шілдеден кейін, АҚШ Президентінің АҚШ-та уран импорты бойынша ешқандай санкция қолданбау шешімі себепті баға 23 долларға дейін көтерілді. Қазіргі уақытта баға 25-26 АҚШ доллары аралығында тұр.

Ұзақмерзімдік нарықта бағалар ұзақ бойы

30-32 АҚШ долл. маңайында, өйткені ұзақмерзімдік нарықта шарт жасасудың әлсіз деңгейі әлі де байқалады.



- Эмитент қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторларға мыналар кіреді:
- табиғи уранды сату үшін алынған баға және уран өнімдеріне бағаның өзгерістері;
 - активтердің құрылымынағы өзгерістер;
 - валюта бағамларының өзгерістерінің әсер етуі;
 - салық салу, пайдалы қазбалар өндіруге салықтарды қоса;
 - күкірт қышқылының құны және бар-жоқтығы;
 - қорларды бағалауда өзгерістердің әсер етуі;
 - бірлескен кәсіпорындармен және қауымдастырылған компаниялармен мәмілелер.

Бәсекелес ұйымдар туралы мәліметтер, елдің ішіндегі және әлемдегі салалық орташа көрсеткіштермен қоса Эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы

Уранның әлемдік нарығы аса ірі бес уран өнімдерін өндірушімен қарастырылған:

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (көшбасшы позиция, 218 жылы әлемдік өндірістің 23%-ы), Orano (Франция), Cameco (Канада), Uranium One (Канада) және CNNC / CGN (Қытай).

Эмитент табиғи уран концентраттарын өндіру көлемдері бойынша әлемдік көшбасшы болып табылады. U3O8 (уранның тотығын-шала тотығы) түрінде уранның тотығын-шала тотығын сату – Эмитент қызметінің негізгі түрлерінің бірі және оның тұрақты дамуына әсер етеді.

Эмитенттің 2018 жыл ішіндегі қызметін уран өндіру бойынша басқа әлемдік көш басшылардың (Orano, Cameco, Uranium One) көрсеткіштерімен салыстырмалы талдауы келесіні көрсетті:

КӨРСЕТКІШТЕР	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	2018 (ТОЛЫҚ ЖЫЛ)				
		ЭМИТЕНТ	CAMECO*	ORANO**	U1***	НАРЫҚТА БАРЛЫҒЫ
U ₃ O ₈ өндірісінің көлемі	тонна U	11 476	3 538	n/a	4 383	53 077
U ₃ O ₈ сату көлемі	тонна U	15 287	13 500	n/a	5 216	73 423
Өндірістің өзіндік құны	USD/фунт U ₃ O ₈	15.08	24.01	n/a	8.00	

* Cameco деректері:

<https://s3-us-west-2.amazonaws.com/assets-us-west-2/quarterly/CCO-2018-Q4-MDA-FS-and-Notes.pdf>

** данные Orano:

https://www.orano.group/docs/default-source/orano-doc/finance/publications-financieres-et-reglementees/2018/resultats-annuels-2018/orano-annuel-activity-report-2018.pdf?sfvrsn=bccc98ee_6

*** Uranium One деректері:

<http://www.uranium1.com/upload/iblock/907/90719a29602ec273428d6d4392f97dcc.pdf>

Бәсекелестердің көпшілігінің өндірісінің өзіндік құны ағымдағы нарықтық бағалар деңгейінде немесе олардан жоғары. Бұл ретте, таяудағы уақытта олар жоғары бағалар кезеңінде жасасылған ұзақмерзімдік бағасы бекітілген келісімшарттармен қорғалған. Бірақ мұндай ұзақмерзімдік шарттардың мерзімдері таусылғаннан кейін өзіндік құны нарықтық бағалардан асатын кәсіпорындарда өндіріс төмендейтін болады деп күтіледі.

Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын саланың келешектегі дамуына қатысты болжам және Эмитенттің осы саладағы орны

Канадада, Қазақстанда, Африкада және АҚШ-та соңғы екі жыл ішінде өндіру қарқынының қысқаруына қарамастан, және УХС бағалаулары бойынша, егер өндірістің қысқартылуы жарияланбайтын болса, базалық жеткізілімдер, УХС болжамы бойынша, 2020-2027 жылдар кезеңінде базалық сұраныстан асатын болады (уранға қажеттілік моделі). Сенімділік деңгейі 50% базалық сұраныс 2023 жылға дейін әлсіз трендті көрсетеді, өйткені Қытайдағы және Үндістандағы есу Германия, Бельгия, Оңтүстік Корея мен Тайваньда реакторлардың тоқтатылуымен бейтараптанырылады. Бұл арада, УХС алдағы кезеңде өздерінің ядролық энергетикалық бағдарламаларын дамытудағы (мвсалы, Қытай, Үндістан және БАӘ) елдер есебінен бүкіл әлем бойынша реакторларың қажеттіліктерінен асатын көлемдердегі сатып алудың жалғасатындығын болжайды. Аталған елдердің ядролық бағдарламалары кеңейтілген сайын, олар уранның қосымша көлемдерін сатып алатын болады, ол өндіріске және стратегиялық қорларға түсетін болады. Бұл ретте кедіңлешекте АҚШ, ЕО және Жапония нарықтарында қорлардың қысқаруы күтіледі.

Эмитент құрамына Эмитент пен оның қауымдастырылған еншілес компаниялары кіретін негізі компания блып табылады. Эмитент тобының құрылымы осы Инвестициялық меморандумның 3.6. тарауында келтірілген.

Эмитент уран және оның қосылыстарын, атом электр станцияларына арналған отын, арнайы жабдықтар мен технологиялар, сонымен қатар сирек металдар импорты және экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы мәртебесіне ие. Қазақстандағы тиісті ұлттық компания мәртебесі Эмитент тобына белгілі бір артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді, оның ішінде өзгелермен қоса, жер қойнауын пайдалану туралы келісімдерді, Үкіметпен тікелей келіссөздер арқылы алады, бұлай болмаған жағдайда қажет етілетін тендер процесі арқылы емес, алады. Бұл Эмитент тобына Қазақ Республикасын жа мол болып табылатын жоғары сапалы және ЖШ үшін лайықты табиғи уран кен орындары сияқты мүмкіндіктерге басымдықты қолжетімділік береді.

УХС деректері бойынша, Эмитент өзінің еншілес компанияларымен бірлесіп әлемдегі аса ірі ресурстық базалардың біріне қолжетімдіігі бар әлемдегі аса ірі уран өндірушілер болып табылады (өндіру көлемдері бойынша). УХС деректері бойынша Эмитент тобында уран өндіру, оның Эмитент тобына жататын бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарындағы өндіруді қоса, 2017 жылғы 31 желіоқсанда аяқталған жылдың ішінде әлемдік бастапқы уран өндірудің жалпы көлемінің шамамен 20%-ын құрады және уран өндіру шеңберінде әлемдік жерасты шаймалау («ЖШ») көлемінің шамамен 40%-ын құрады. Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы бола отырып, Эмитент бүкіл әлем бойынша уран өндіру саласының жетекші ойыншыларының барлығымен дерлік әріптестік қатынастар орнатты. Эмитент тобы Camoco, CGNPC, Kansai, Marubeni, Orano (ранее Areva), Rosatom және Sumitomo, сонымен қатар Energy Asia консорциумымен активтер деңгейінде бірқатар табысты әріптестік орнатты.

Уран өндіру қызметінің басым бағыты болып табылғанымен, сонымен қатар Эмитент тобы өзінің еншілес компаниялары, БК және қауымдастырылған компаниялары арқылы) «бастапқы» ядролық отын циклінің конверсиядан басқа өзге де сатыларының көбісіне қатысады. Бұд сатыларға уранның қос тотығын немесе UO₂ өндіру, керамикалық ұнтақтар, отын гранулары өндірісі, сонымен қатар байыту кіреді. Бұдан басқа, қазіргі уақытта Эмитент тобы жылу бөлгіш құрастырылымдар құрастыру зауытын салумен айналысуда, оны Эмитент пайдалануға 2020 жылдың аяғына қарай енгізуді жоспарлап отыр.

Эмитент тобы уран өнімдері, соның ішінде табиғи уран концентратын, уран диоксидінің керамикалық ұнтағын және отын грануларын шығарады, олар атом электр станцияларында электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ядролық отын жинақталымдарын, отын жасағанда пайдаланылады.

Уран операцияларынан басқа, Эмитент тобы сирек металдардан, бірінші кезекте танталдан, бериллийден және ниобийден жекелеген өнімдер шығурамен айналысады (ақпарат осы Инвестициялық меморандумның 5.9.8. тармағында берілген).

5.2. ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ЭМИТЕНТТІ ЖҰТУ (ОНЫҢ АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ АРҚЫЛЫ) ТАЛПЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚА ҰЙМДЫ ЖҰТУ ТАЛПЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ СОҢҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР. АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ БАҒАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР, ОЛАРДЫҢ САНЫ НЕМЕСЕ АКЦИЯЛАРМЕН АЙЫРБАСТАУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ, МҰНДАЙ ТАЛПЫНЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ.

Жоқ.

5.3. ЭМИТЕНТ ЖАСАСҚАН, КЕЙІН ЭМИТЕНТТИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЕЛЕУЛІ ЫҚПАЛ ЕТУІ МҮМКІН КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ, КЕЛІСІМДЕРДІҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Эмитенттің кейін оның қызметіне елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін келісімшарттар бойынша міндеттемелері жоқ.

5.4. НЕГІЗГІ КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

Эмитенттің негізгі күрделі қаржы жұмсалымдары еншілес, бірлескен операциялармен, табиғи уран өндірумен айналысатын бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындармен жүзеге асырылады. Мұндай шығыстар келесі негізгі компоненттерден тұрады:

- тау-кен дайындық жұмыстарын қоса, ұңғымалар құрылысына жұмсалымдар;
- кеңейтуге жұмсалымдар, оған әдетте өндірістік қуаттылықтарды кеңейту, қызметтер спектрін және жаңа аудандарға көлік бағыттарын кеңейту, жаңа жүйелер мен процестерді енгізу жатады;
- өндірісті ұстап тұруға күрделі жұмсалымдар, оларда кезеңдік шығыстар, инфрақұрылымға шығыстар, жабдықтарды ұстауға және айырбастауға шығыстар көрініс табады, олар болжам бойынша өндіруді тоқтатудан үш жыл бұрын тоқтатылады;
- тарату қорына жарналар және кенішті жабуға жұмсалымдар.

Төмендегі кестеде топтың көрсетілген кезеңде уран өндіруді жүзеге асыратын еншілес ұйымының, бірлескен және қауымдастырылған компанияларының шығыстары көрсетілген:

(МЛН. ТЕҢГЕ)	2017 жыл					2018 жыл					2019ж. 1-жартыжылдығы				
	ҮЛЕСІ	WC ¹	S ²	LF/C ³	ЖИЫН Ы	ҮЛЕСІ	WC ¹	S ²	LF/C ³	ЖИЫН Ы	ҮЛЕСІ	WC ¹	S ²	LF/C ³	ЖИЫН Ы
«Орталық» ЖШС	100%	2 555	543	169	3 267	100%	2 321	5 010 ⁽⁴⁾	171	3 267	100%	940	63	-	1,003
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%	5 197	1 185	639	7 020	100%	6 778	1 478	2 990	7 020	100%	1,678	39	225	1,942
«РУ-6» ЖШС	100%	2 453	541	282	3 276	100%	2 472	676	1 062	3 276	100%	845	172	114	1,131
«Аппақ» ЖШС	65%	2 046	209	87	2 341	65%	999	257	68	2 341	65%	181	66	8	255
«Инкай» БК» ЖШС	40%	5 258	8 077	—	13 335	60%	8 707	2 324	31	13 335	60%	4,080	578 ⁴	(2)	4,656
«Семізбай-У» ЖШС	51%	2 364	470	137	2 971	51%	2 996	980	115	2 971	51%	782	1,423	36	2,241
«Қаратау» ЖШС	50%	4 369	2 558	99	7 026	50%	2 376	685	80	7 026	50%	1,205	836 ⁴	(0)	2,041
«Ақбастау» БК» АҚ	50%	3 103	2 486	144	5 733	50%	2 031	1 192	79	5 733	50%	1,040	110	52	1,202
«Заречное» БК» АҚ	49.98%	3 386	535	11	3 931	49.98%	3 971	182	10	3 931	49.98%	1,771	77	-	1,848
«КАТКО» БК» ЖШС	49%	10 252	2 866	768	13 886	49%	9 275	2 447	1 368	13 886	49%	4,423	1,032 ⁴	600	6,055
«Хорасан-У» БК» ЖШС	34%	6 582	254	182	7 018	34%	4 983	1 611	142	7 018	50%	1,003	75	-	1,078
«ОТХК» БК» ЖШС	30%	3 962	2 761	858	7 582	30%	5 813	339	535	7 582	30%	1,746	175	(160)	1,761
«Байкен-У» ЖШС	5%	4 389	3 051	233	7 674	5%	4 674	861	146	7 674	52.5%	1,529	83	10	1,622
Өндіруші активтердің жиыны		55 918	25 535	3 609	85 061		57 396	18 041	798	85 061		21,223	4,729	883	26,835

¹ тау-кен дайындық жұмыстарын қоса, ұңғымалар құрылысы

² өндірісті ұстап тұру

³ тарату қор / жабу

⁴ соның ішіне кеңейтуге шығыстар

Күрделі қаржы жұмсалымдарының ең көп үлесі тау-кен дайындық жұмыстарын қоса, ұңғымалар құрылысына және өндірісті ұстап тұруға күрделі қаражат жұмсалымдарына келеді, олар көрсетілген кезеңде 97%-дай құрады.

Өндірістік процестің жоспарланған деңгейлеріне қол жеткізу үшін Эмитенттің өндіруші компаниялары жыл сайын ұңғымалардың қажетті дайындығы мен өндірудің деңгейін қорларды бар болуы негізінде бағалайды. Бұл шығыстар полигонның жұмысқа қабілеттілігін ұстап тұруға капиталдандырылатын шығыстарға жатады. Бұл шығыстардың негізгі компоненті ұңғымалар салуға жұмсалатын шығыстар болып табылады.

5.5. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ КӨЛЕМДЕРІ

НЕГІЗГІ ӨНІМДЕР

Негізгі өнімдердің сипаттамалары

Уран өгнімі	Уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және өткізу арқылы;
Бериллий өнімі	Бериллийден бұйымдар өндіру және сату сонымен қатар ғылыми зерттеулер және әзірлемелер арқылы
Тантал өнімі	Танталдан бұйымдар өндіру және сату сонымен қатар ғылыми зерттеулер және әзірлемелер арқылы
Өзге операциялар	Өзге де өнімдер өндіру және сату мен қызметтер, сонымен қатар негізгі өндіріс үшін қызметтер ұсыну арқылы

Эмитент қызметінің негізгі түрі уран өнімдерін – уранның шала тотығы-тотығын (U3O8) және сирек металдарды экспортқа өткізу болып табылады

АТАУЫ	2016 ж. ішінде.	2017 ж. ішінде.	2018 ж. ішінде.	2019ж. 6 айы ішінде
Объем реализации U3O8 өткізу көлемі (шоғырландырылған), тонна	9 687	10 111	16 647	5 425
Бериллий өнімдері, тонна	1 766,2	1 599,6	1 662,1	848,2
Тантал өнімдері, тонна	122,7	135	137,7	47,1
Ниобий өнімдері, тонна	52,1	23,7	22,9	0,1

U3O8 өткізу көлемдерінің тарихи үлесі жалпы табыста 70%-тен бастап 85% дейін құрады. Уран өнімдері мен сирек металдарды өткізудің көлемдері нарықтағы сұранысқа байланысты, осы орайда көлемдері жылдан жылға өзгеріп отыруы мүмкін, бұл ретте өткізу көлемдеріне елеулі түрде ақшалай әсер ете алатын негізгі факторлар уран өнімдеріне споттық белгілеу, сирек металдар бағасы және теңгенің шетелдік валютаға қатысты айырбас бағамы болып табылады.

2018 жылы шоғырландырылған сатуларға бастапқы ораластырудан кейін (IPO) U3O8 -ды Yellow Cake LLC уран қорына сату және Эмитет тобының маркетингтік сатуларының функцияларын жаңа клиенттерді тартуға және делдалдарды пайдаланусыз тікелей келісімшарттарды көбейтуге әкелген ТҰК компаниясын құруды қамтыған трансформациялау оң әсер етті.

Эмитент Лондон қор биржасында тіркелген, физикалық уранның ұзақмерзімді корпоративтік ұстаушысы болып табылатын Yellow Cake plc компаниясымен 2018 жылғы мамырда келісім жасасты. Келісімде 170 млн АҚШ доллары сомасына 8,1 млн фут мөлшерінде (немесе 3 112 тонна) U3O8 бастапқы жеткізілімі және Yellow Cake plc компаниясының 2019-2027 жылдары жыл сайын қосымша 100 млн АҚШ доллары сомасына U3O8 сатып алу құқығы көзделеді.

Маркетингтік функцияны жақсарту, әріптестермен ынтымақтастықты нығайту, Қазақстанда уран және уран өнімдерін сатуға жәрдем көрсету және анағұрлым жалпылама тұрғыда Эмитенттің нарықты жаһандық қамтуын арттыру мақсатында 2017 жылы Эмитент Швейцарияда орналасқан өзінің еншілес сауда-саттық фирмасы - Trading house Kazakatom AG компаниясын (ТНК) құрды.

ТНК негізгі функцияларына мыналар жатады:

- шешімдер қабылдаудың тез процедураларының арқасында ТНК компаниясы ТНК компаниясының қосымша пайда алуы мақсатында споттық нарықта уран сату және сатып алу,
- уранның споттық нарығында қосымша өтімділікті құруда көмек және Қазатомөнеркәсіптің уран өндіруге арналған келісімшарттар қоржынының сенімділігін жоғарылату; сонымен қатар
- Қазатомөнеркәсіптің тапсырыс берушілеріне баға және келісімшарт құрылымдарының анағұрлым кеңірек таңдауын ұсыну және ұсыныстар жиынтығы мен баға белгілеудің анағұрлым икемді құрылымдары сияқты қосымша нарықтық құралдар ұсыну жолымен Эмитенттің уран нарығындағы жаһандық қамтуын жақсарту.

Іске қосылған мезетінен бастап ТНК Эмитентке уран нарығында кейбір елеулі артықшылықтарды пайдалануға көмектесті. Соның ішінде, ТНК 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде спот-нарықта 80 млн АҚШ долларынан жоғары қосымша сатулар көлеміне қол жеткізді. ТНК сол сияқты осы кезең ішінде Эмитент үшін жаңа клиенттер тартып, Эмитент Тобы уран жеткізуге бірқатар ұзақмерзімдік

келісімшарттар жасасты (және де кейбір жасасылған келісімшарттар 2029 жылға дейін қолданыста болады).

ТНК жұмыс істеу аясы мен қамтуының арқасында Эмитент уранның әлемдік нарығының екі тарапын: жетекші өндіруші және табиған уранды сатушы ретінде сұраныс тарапын да, сол сияқты ұсыныс тарапын да түсінуі жеңілдеді. Нәтижесінде Эмитенттің нарықты көруі жақсарты, бұл талдамалық мүмкіндіктерді жақсартады және басшылықтың анағұрлым негізделген шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді.

5.6. ЭМИТЕНТТИҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША САТУЛАРЫНЫҢ КІРІСТІЛІГІНЕ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Эмитент сатуларының (жұмыстар, қызметтер) кірістілігіне әсер ететін **оң факторлар** мыналар болып табылады:

- табиғи уран нарығының атом энергетикасы нарығының жалпы тартымдылығынан туындайтын перспективтілігі;
- табиғи уран шығару көлемінің әлемдегі аса ірі көлемі
- кен орындарының жоғары сапалы және кең ресурстық базасына қолжетімділік;
- жерасты шаймалау технологиясы есебінен шығыны төмен өндіріс;
- тез өсу үстіндегі АЭС салу нарығына географиялық жақындық;
- клиенттердің халықаралық сапалы дерекқоры және сатулардың сенімді құрылымы;
- қауіпсіздік техникасы, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау облысындағы сапалы бедел.

Эмитент сатуларының (жұмыстар, қызметтер) кірістілігіне әсер ететін **теріс факторлар**

Эмитент сатуларының (жұмыстар, қызметтер) кірістілігіне **теріс** әсер ететін **факторлар** мыналар болып табылады:

- табиғи уран бағасының құбылмалылығы Эмитентке елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін;
- атом саласындағы ірі және ауқымды авариялар уран бағасының күрт түсуіне әкелуі мүмкін, бұл Эмитенттің рентабельділігі мен қаржылық жағайында көрініс табады;
- атом энергетикасы энергияның басқа көздерімен бәсекелеседі, бұл табиғи уранға сұраныстың төмендеуіне әкелуі мүмкін;
- атом энергетикасы қоғамдық пікірдің ықпел етуімен шектес тәуекелдерге бейім;
- Эмитенттің уран өндіру және тасымалдау қызметі операциялық тәуекелдерге, сонымен қата алдын ала болжанбаған тоқтап қалу мен іркілістер тәуекелдеріне бейім;
- кен орындарында уран өндіру коммерциялық тұрғыдан мақсатқа сәйкессіз болуы мүмкін.

5.7. ЭМИТЕНТТИҢ ӨЗ ӨНІМДЕРІН (ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУДЫ, ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ) САТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІ

Эмитент қызметтің негізгі түріне – уран және ілеспе табиғи ресурстарды өндіру және өңдеуге шоғырланған. Эмитент өндіру, өңдеу және сатукөлемдерін нарықтық шарттарды ескерумен оңтайландыруды, маркетинг функцияларын күшейту және сату арналарын кеңейтуді жүргізеді, бизнес қызметтегі озық іс-тәжірибені қолданады және сала көшбасшысы мәртебесіне сәйкес келетін корпоративтік мәдениетті дамытады.

2017 жылы Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА) Эмитенттің АЭХА ТБУ банкі үшін төмен байытылған уран (ТБУ) жеткізушілерінің бірі ретінде таңдалғандығы туралы хабарлады, бұл әлемдік қоғамдастық тарапынан Эмитентке уран өнімдерін сенімді және мойындалған жеткізуші жылретіндегі жоғары сенім деңгейін білдіреді.

Соңғы жалдары Эмитент сату мен өткізу жүйесін ұйымдастыруға қатысты бірқатар облыстарда өзінің позициясын нығайтты. Атап айтқанда, Эмитент Швейцариядағы «Қазақатом» (ТНК) трейдингтік компаниясының арқасында жаңа өткізу арнасын табысты құрды, бұл Эмитентке спот-нарықта уранды сатып алуды қалайтын АҚШ коммуналдық кәсіпорындары сияқты клиенттердің жаңа санатымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Эмитенттің талдамалық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді, оған төрелік операцияларды жүргізуге және айтарлықтай операциялық икемділік талап етілетін спот/қысқа мерзімді келісімшарттар нарығына тиімді шығуға мүмкіндік берді. Эмитент өзінің негізгі мақсатты географиялық өңірлерінің әрқайсысында өзінің сауда өкілдерінің қатысуын кеңейтті және өзінің сату желісін нығайтуды жалғастырады. Бұдан басқа, ТНК операцияларын іске қосу арқылы 2017 жылы Қазатомөнеркәсіп өз клиенттеріне күрделі формулалық баға белгілеу шарттарын ұсына алды.

2016 жылы Эмитент уран трейдерлеріне сатуды тоқтатты. Бұл Компанияның барынша аз көлемге келісімшартқа отыратын клиенттермен тікелей қарым-қатынас құру мақсатында делдалдарды айналып өтуге бел буғаны фактісін көрсетеді.

Қазатомөнеркәсіп өндірістің төмен өзіндік құнын негізгі жаһандық бәсекелестік артықшылық ретінде

бағалайды және оны ұстап тұру үшін үнемі жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Қазатомөнеркәсіп құн мен экономикалық қайтымға екіні жасай отырып, өндіру жоспарларын бір мезгілде оңтайландыру және шығындарды қатаң бақылау жолымен оған қол жеткізуге ниетті.

5.8. ЭМИТЕНТТИҢ НЕГІЗГІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ МЕН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ЖЕТКІЗУШІЛЕР

Эмитенттің тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алумен байланысты жалпы шығыстары 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 149 461 млн. теңге құрайды (өткізудің өзіндік құны - 129 596 млн.теңге, өткізу бойынша шығыстар - 4 108 млн.теңге, жалпы және әкімшілік шығыстар - 15 757 млн.теңге), оның ішінде шығыстарды анағұрлым елеулі үлесі шикізат пен материалдарға келеді. Бұл бап бойынша Эмитенттің ірі жеткізушілері Эмитент кейіннен өзінің келісімшарттары бойынша сату үшін уран өнімдерін сатып алатын еншілес, тәуелді және басқа ұйымдар болып табылады.

2019 жылғы бірінші жартыжылдықта Эмитенттің ірі жеткізушісі одан Эмитент тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алумен байланысты жалпы шығыстардың 10%-дан аса пайызын құрайтын көлемде уран өнімдерін сатып алған 100% еншілес ұйым болып табылады.

Эмитенттің осы жеткізушінің (100% еншілес ұйымның)елеулі қызметін басқару өкілеттігіне иелігін, сонымен қатар Эмитенттің негізгі жеткізушілері Эмитент олардың қызметіне қандай да бір дәрежеде ықпал ете алатын тәуелді кәсіпорындар болып табылатындығын ескере отырып, үлесіне жалпы шығыстардың 10 және одан көп пайызы тиесілі жеткізушілерге тәуелділік Эмитенттің бақылауында болып табылады.

ТҰТЫНУШЫЛАР

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің табысы 176,555 млн.теңге құрайды. Эмитенттің негізгі сатып алушылары Қытай, Франция және Канада (шамамен 70%) болып табылады.

Эмитенттің негізгі клиенттері атом энергетикасының операторлары болып табылады, қазіргі мезетте ядролық энергияның аса ірі нарықтары АҚШ, Франция, Жапония, Қытай, Ресей және Оңтүстік Корея

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі тұтынушылары тұратын елдер бойынша Эмитенттің сатуларының (табысының) бөлінуі:

АТАУЫ	2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (МЛН ТЕҢГЕ)	САТУ ҮЛЕСІ
Қытай	70,782	40
Франция	28,419	16
Канада	23,402	13
Қазақстан	17,600	10
Ұлыбритания	14,922	8
АҚШ	12,566	7
Германия	1,462	1
Жапония	1,111	1
Оңтүстік Корея	515	0
Үндістан	16	0
Өзге елдер	5,760	3
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	176,555	100%

Эмитент уран мен уран өнімдерін ұзақмерзімдік және қысқамерзімдік келісімшарттар бойынша, сонымен қатар спот-нарықта өзінің KazakAtom TN AG (Швейцария) сауда-саттық еншілес компаниясы арқылы 11 елдегі 22-ден аса клиентке өткізеді.

Согласно оценке Эмитенттің бағалауы бойынша, нарықтағы ағымдағы мезеттегі қысқамерзімдік шектен асуға қарамастан, нарық баяу қалпына келуде. Қытай, Үндістан, БАӘ сияқты және басқа елдерде жаңа реакторлар салынып жатқандықтан, уран өнімдеріне сұраныс болжамы позитивті. Кез келген сценарий жағдайында бұл өңірлердегі экономика өседі. Бұл өсуді қолдау үшін энергия тұтыну деңгейі де жоғарылайтын болады. Уранға сұраныстың ортамерзімдік және ұзақмерзімдік перспективалары оң болып табылады.

ТАСЫМАЛДАУ


U3O8 тасымалдау арнайы 20 фут герметикалық контейнерлерде жүзеге асырылады, бұл ретте мұндай жүк контейнерлер межелі орынға жеткенше күзетпен сүйемелденеді. Эмитент сондай-ақ уранды тасымалдауға байланысты тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асырады.

Топ u3o8 және дайын өнімді конверсия мақсаттары үшін немесе соңғы клиенттер үшін келесі межелі пункттерге жеткізеді:

- Батыс бағыттары. Топ u3o8-ді батысқа, ConverDyn (АҚШ), Camexo (Канада) және Comurhex (Франция) сияқты кәсіпорындарға Ресейдегі Санкт-Петербург портына темір жол арқылы, содан кейін Құрама Штаттарда, Канадада немесе Еуропада әртүрлі порттарға теңіз көлігімен және ақырында, темір жолмен немесе қайта өңдеу кәсіпорындарының объектілеріне автожол көлігімен тасымалдауды жүзеге асырады. Кейбір жағдайларда топ конверсия объектісіндегі топтың серіктестерімен U3O8 алмасуды қамтитын көлік шығыстарын төмендету үшін своп-келісімдер (айырбастау келісімдері) жасасады;
- Қытай. Материалдарды Қытайға тасымалдау кезінде Эмитент Қазақстан-Қытай шекарасының жанындағы Алашаньюку темір жол станциясына жүкті жеткізеді;
- Ресей. РФ-ға жеткізу кезінде алушылар: "ангар электролиз химия комбинаты" федералды мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (АЭХК), "Сібір химия комбинаты" ААҚ (АШК) және "Чепецкий механикалық зауыты" ААҚ (Росатом). Топ материалдарды Ангарске АЭХК аумағына жеткізу үшін Суховская темір жол станциясына; материалды Солтүстік қ. СКХ аумағына жеткізу үшін Томск-2 темір жол станциясына және материалды Глазовтағы "Чепецкий механический завод" (Росатом) ААҚ базасына жеткізу үшін Глазовке темір жол станциясына жеткізеді.;
- Үндістан. Эмитент u3o8 Үндістанның межелі пункттеріне темір жол арқылы Санкт-Петербург, Ресей портына дейін, содан кейін теңіз көлігімен Мумбаи, Үндістан портына жеткізеді. Мумбаи портынан клиент өнімді межелі пунктке өз бетінше тасымалдайды.

Көрсетілген межелі пункттерге өнімді жеткізудің орташа құны u3o8 килограммына 0,5-тен 3,0 АҚШ долларына дейін құрайды.

Мүмкіндігінше топ жеткізу мерзімін барынша азайту үшін своп-келісімдер жасасуға тырысады (материалдарды физикалық тасымалдау орташа алғанда 100 күнді алады, ал своптар туралы Келісім шеңберінде жеткізуге орташа алғанда 25 күн кетеді), тасымалдауға арналған шығындар және уран өнімін тасымалдауға байланысты тәуекелдер.



Өнімді өткізуге әсер ететін ықтимал теріс факторлар:

- АҚШ және ЕО елдері тарапынан санкцияларға ұшырау қаупі;
- Форс мажорлық салдары;
- Әскери іс-қимылдар;
- Қазақстанды көрші елдермен немесе басқа да көлік инфрақұрылымымен байланыстыратын темір жолдарды пайдаланудың қиындықтары.

5.9. ЭМИТЕНТТИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР.

5.9.1. Эмитенттің қызмет мерзімдері, маусымдық сипаттағы Эмитенттің қызмет түрлері және олардың Эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі.

Эмитенттің Жарғыға сәйкес қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- уран мен оның қосылыстарын, сирек және жерде сирек кездесетін металдарды барлау, өндіру, қайта өңдеу, атом энергетикалық станциялары үшін ядролық отын өндіру, арнайы жабдықтар мен технологиялар, МАГАТЭ басқарушы материалдары негізінде екіұдай қолданылатын материалдар өндірісі;
- уран мен оның қосылыстарының, сирек және сирек жер металдарының, атом энергетикалық станцияларға арналған ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, тікелей және/немесе жанама қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты өзінің еншілес ұйымдары, тәуелді Акционерлік қоғамдар және/немесе бірлесіп бақыланатын ұйымдар арқылы заңнамада белгіленген тәртіппен өткізу нарығының мониторингін жүзеге асыру;
- уран мен оның қосылыстарын, сирек және сирек жер металдарын және өзге де пайдалы қазбаларды өндіру процесін сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау және өндіру;
- өз атынан оның иелігіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мүлкті сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асыру, сондай-ақ Эмитенттің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру;
- әлемдік нарықта Қазақстан Республикасының атом-энергетикалық кешенінің өнімдерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өнімді сату;
- ядролық материалдардың мемлекеттік резервін ұстау және оларға қызмет көрсету;
- Қазақстан Республикасының уран кен орындары бойынша геологиялық ақпарат мониторингіне жәрдемдесу;
- Қазақстан Республикасының мүдделерін эмитентке берілген өкілеттіктерді толық көлемде білдіру, қолданылатын құқыққа сәйкес оларды сыртқы және ішкі рыноктарда қорғауды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының атомдық-энергетикалық кешені өнімінің сыртқы және ішкі нарықтарында демпингтік процестерді болдырмау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;
- уран өнімін экспорттау бойынша қызмет көрсету;
- атом энергетикалық станцияларын және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін жобалау, салу және пайдалану;
- еншілес ұйымдар мен тәуелді акционерлік қоғамдардағы инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, инвестициялық қызмет;
- Эмитенттің коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды қорғау;
- жалға беру және меншікті жылжымайтын мүлкті басқару;
- Эмитент заңнамада белгіленген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де заңнамада тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқыл

Эмитенттің қызметінің маусымдылығы

Эмитенттің маусымдық сипаттағы қызмет түрлері жоқ.

